

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

# ЕҢ БАСТЫСЫ – АДАМ КАПИТАЛЫН ЖАҚСАРТЫП, ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақжамыт Ақшамы Газеті

Құттықтаймыз!

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

## ҚОҒАМ МҮДДЕСІНЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Qyzylorda» телеарнасының бас редакторы, белгілі журналист Айнур Нұрланқызы Тұңғышбаева Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алды.

Бұл – біздің аймақ журналистикасына берілген жоғары баға.

Айнур Нұрланқызы ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бері өңірдің ақпарат айдынында өзіндік орны бар басылымдарда қызмет етті. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалы, заң, құқық тақырыбындағы салмақты сараптамалары оқырманнан оң бағасын алды.

Бүгінде көрерменнің көзіне айналып, қызметі көпшіліктің көңілінен шыққан «Qyzylorda» телеарнасының бас редакторы қызметін атқарып келеді. Ақпарат саласының үздігі,

Еліміздің дамуында әйелдер қауымының рөлі орасан зор. Кез келген жұмыста, мектепте, университетте, кәсіпорында, медициналық мекемеде, әскери бөлімде және басқа ортада болсын, әдетте әйелдер айрықша еңбексүйгіштігімен, асқан жауапкершілігімен үлгі көрсетеді. Қыз-келіншектердің ынтысы жоғары, мұқият, жинақы, сондықтан оларға көбірек сенім артады. Өдетте "нәзік жанды" деп атаймыз, бірақ шын мәнінде олар қиын сәттерде ерік-жігері мұқалмай, табанды мінезі мен төзімділігі, шешімталдығы арқасында ерлікке парапар іс атқарады.

(Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінен)



сараптамалық бағдарламалардың авторы әрі жүргізушісі.

Айнур Нұрланқызының қоғамның айнасы саналатын телеарнадағы еңбегі, кәсібилігі мен ақпаратты жеткізудегі ұстанымы, қоғам мүддесіне адал қызметі көпшілікке үлгі. Осындай тәжірибелі, сауатты, өз ісін жетік білетін мамандар барда дәстүрлі БАҚ медиакеністіктегі орнын сақтап қалады деп сенеміз.

Еңбегі жоғары бағаланған Айну Нұрланқызына шығармашылық табыс тілейміз. Тың бастамалар, жаңа жетістіктер, ақжолтай жаңалықтар молынан болғай!

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

## СЫР ЖҰЛДЫЗЫНЫҢ ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТЫ



Ақордада 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуымен салтанатты іс-шара өткен болатын. Көктем мерекесі қарсаңында Астанадан жеткен тағы бір ақжолтай жаңалық Сыр өңіріндегі өнерсүйер жұртшылықты қуанышқа кенелтті.

Салтанатты шарада жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі, профессор Жеңіс Ысқақова Мемлекет басшымыздың қолынан «Парасат» орденін алды.

Сырдария топырағынан түлеп ұшқан Жеңіс Ермағамбетқызы Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк студиясын бітірген, Қазақстанның Халық өртісі, профессор Лаки Кесоглудың шәкірті.

Өнердегі жеңісті жолы 1987 жылы Юрмалада өткен Бүкілодақтық эстрада орындаушылары байқауында «Көрермен кезайымы» аталымын

иеленген кезде басталған. Сол жылы тағы да «Жаңа есім–87» бүкілодақтық байқауында лауреат атанды. Мәскеуде өткен «Виват, Виктория» халықаралық конкурсының гран-приін иеленді.

Жеңіс Ермағамбетқызы бүгінде Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік бірлестігінің өртісі, Ж.Елебеков атындағы республикалық колледждің ұстазы. Қазақстанның мәдениет күндері сапарымен әлемнің 20-ға жуық мемлекетінде өн шырқаған ерекше дарын иесі. Оның орындауындағы «Сыр сұлуы» әні Сыр өңірінің еңбеккер қыздарының дақын асқақтатып әлі де талай жылдар бойы шырқала беретініне сенемін.

Туған жердің дарынды перзенті Жеңіс Ермағамбетқызын мемлекеттік марапатымен барша жерлерінің атынан құттықтаймын! Өнеріңіз өрлей берсін!

## "ҚЫЗЫЛОРДА – АҚТӨБЕ" ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ БОЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ басқаруына төрағасы Дархан Иманашев, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңінің басталу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты республикалық маңызы бар автомобиль жолы құрылысының басталуымен құттықтап, жолкөлік инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Биыл–еліміз, өңіріміз үшін тарихи маңызды жыл. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бесінші отырысында «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар жаңа ірі жобаның жүзеге асырылатынын, оның ішінде «Бейнеу – Сексеуіл» бағытындағы жол құрылысы биыл қолға алынатынын, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы басталатынын айтты.

5-бетте

## ӘКІМНІҢ АҚ КӨҢІЛІ мен АЛМАТОВТЫҢ АҚ КӨЛІГІ

Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, "Сыр елі – жыр елінің" Алматы консерваториясының мерейлі 70 жасқа толды. Осыған орай Қызылордадағы "Өнер орталығында" «Жыр керуені» атты шығармашылық кеш өтті.

Атап айту керек қандай кыин кезеңдерде де Алматы Нұрмаханұлы жыр өнерін күнкүріс қамымен пұл етпеді, табыс көзіне айналдырмады, сахнадан төмен түсірмеді. Барлық уақытта жыр өнерінің шоқтығын биік ұстады. "Қызықтағанның қолында" кетірмеді. "Қанаттыға қақтырмады, тұмсықтыға шоқтықтормады". Шәкірттерін де өнер

алалдығына үйретті. Өнерге деген осы адалдығы оны ел арасында АЛМАТОВҚА айналдырды.

Алмасбек Алматының 70 жасына арналған шығармашылық кешінде Қызылорда облысы әкімі Н.Нәлібаев жырауға Сыр жұртшылығы атынан дәстүрге сай шапан жауып, сый-сияпат

көрсетті. Қызылорда облысының "Құрмет" грамотасын, автокөлік кілтін табыс етті.

Сыр өңіріндегі дәстүрлі өнердің дәстүрін кеңейтіп, шәкірт тәрбиелеп, олардың кәсіби маман ретінде қалыптасуына зор үлес қосып келе жатқан өнер кайраткеріне барша көрермен қошемет көрсетті.



## ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫ ШӘКІРТТЕРГЕ ШӘКІРТАҚЫ БАР

Белгілі жырау, ұстаз Алмасбек Аломатовтың 70 жасына арналған мерейтойлық кеште жыршылық өнердің алтын арқауын болашақпен сабақтастырған тағы бір жақсы жаңалық жария етілді. Аймақ басшысы Н.Нәлібаев жыраудың шәкірттері, Түркия мемлекетінің Анкара музыка және көркемөнер университеті «Дәстүрлі өнер» мамандығының

докторанты Малика Алдамжароваға, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер: Дәстүрлі жыр» білім беру бағдарламасының докторанттары Күнсулу Түрікпен мен Агерке Дабыловаға айына 300 мың теңге шәкіртақы тағайындады.

5-бетте

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

## 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсы ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидалары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы  
www.election.gov.kz

Республикалық референдумға шығарылған халық Конституциясының жобасы мемлекетіміздің болашағын, даму бағдарын айқындайтын тарихи құжат деп айтуға толық негіз бар.

Өлемдегі ахуал ушығып тұрған уақытта жаңа Конституция Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтады, еліміздегі барлық қоғамдық-саяси институттардың қызметіне жаңа серпін береді.

Жаңа Конституция жобасының негізгі арқауы – Қазақстанның Тәуелсіздігін, Егемендігі мен территориялық тұтастығын, азаматтарымыздың құқықтары мен еркіндігін қорғау.

Ата Заңның жаңа жобасында көптеген дамыған елдерде кездесе бермейтін нақты әлеуметтік нормалар кеңінен қамтылған. Мен бұған сенімдімін. Конституциядағы аталған ережелер мемлекетіміздің әлеуметтік сипатын күшейте түседі.

Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдау жүйесі өте жақсы дамыған. Мемлекет осы саладағы өз міндеттемелерін мүлтіксіз әрі уақтылы орындап келеді. Жүзден астам неше түрлі әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер бар, тегін қамтамасыз етілетін бағдарламалар көп. Бұл – бүгінгі күннің жағдайы. Ал біз ертеңі күнге, алыс болашаққа қарауымыз керек.

Ең бастысы – адам капиталын жақсартып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Сондықтан біз білімді, еңбеккер, жасампаз ұрпақты, яғни адал азаматтарды тәрбиелеуге баса мән беріміз қажет.

Қазіргі таңда дүние жүзінің әрбір түкпірінде адам капиталы немесе адам сапасы туралы айтылуда. Бұл – бүгінгі технологиялық заманның сұранысы, талабы. Еліміз үшін бұл – аса маңызды стратегиялық міндет. Осы істе әйелдердің рөлі айрықша екені сөзсіз.

Қазақстан әлеуметтік саясатқа әрдайым жауапкершілікпен қараған. Шын мәнінде мұқтаж азаматтарымызға нақты, атаулы көмек көрсетіледі. Бұл саясат алдағы уақытта да жалғасады.

Мысалы, елімізде бала дүние келген кезде тиісті әлеуметтік төлемдер жасалады. Берілетін қаржының көлемі қомақты. Бұдан бөлек, сәби бір жарым жасқа толғанша жәрмекепұл төленеді. Көптеген мемлекетте, соның ішінде Еуропаның байқуатты елдерінде әйелдер екі-үш айдан кейін жұмысқа шығуға мәжбүр. Ал Қазақстанда жас аналар үш жылға дейін үйде отырып, бала тәрбиесімен алаңсыз айналыса алады. Сондай-ақ олардың жұмыс орны сақталады, декреттік демалыстағы уақыты еңбек өтіліне қоса есептеледі.

Мемлекет басшысы ретінде мен ана мен баланы қолдауға айрықша мән беремін. Мұны Президенттің басқа да қызметтік міндеттемелері сияқты аса маңызды іс деп санаймын. Бұл бағытта қажетті заңнамалық және институционалдық шаралар қабылданды. Енді, міне, отбасы институтын қоғамның тұрақты дамуының өте маңызды факторы ретінде Конституция деңгейінде күшейтеміз.

«Неке – ер мен әйелдің мемлекеттік заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы» деген норма алғаш рет бекітіліп отыр. Мұндай заң ережесі балалардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ әйелдер мен аналардың отбасындағы рөлін нығайтуға мүмкіндік береді. «Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады» деген норма заманға сай жаңа мазмұнмен толықты. Құқықтық тұрғыдан анағұрлым дәл тіркестер арқылы қыздарды тұрмыс құруға мәжбүрлеу секілді ұят құбылыстарға Конституцияда тосқауыл қойылады.

Отбасын қорғау мәселелері жөніндегі уәкіл қоғамдық лауазымын енгізу адам құқықтарының қорғалуы мен отбасы институтын күшейтетініне сенімдімін.

Отбасы омбудсмені Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының бірінші орынбасары ретінде қызмет етіп, атқарылған істер туралы Мемлекет басшысына есеп беріп отырады.

Мұндай жүйе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын кешенді түрде жолға қоюмен қатар, отбасы саясатындағы басқа маңызды түйткілдерді шешуге мүмкіндік береді.

Халық Конституциясының жобасы референдумда жұртшылықтың жаппай қолдауына ие болған жағдайда мемлекеттіміздің озық инновациялық жүйесін құруға зор мүмкіндік беретін болады. Сондай-ақ бас құжат жасанды интеллект және жаппай цифрландыру дәуірінде Қазақстанның тұрақты дамуына ұзақ мерзімді және мызғымас негіз қалайтыны сөзсіз. Дей тұрғанмен сапалы адам капиталы болмаса, қарқынды технологиялық дамуға қол жеткізудің қиын болары айдан анық. Сондықтан осы маңызды міндетті орындау үшін ел өмірінің барлық саласына, атап айтқанда, әлеуметтік саясат пен иммиграцияны реттеу мәселесіне жаңаша көзқараспен қарап, тың тәсілдер әзірлеу қажет болады.

Тағы да қайталап айтатын, технология дамуында нақты прогреске қол жеткізу үшін сапалы адам капиталын қалыптастыру және дамыту ісін шындық қолға алу керек. Бұл проблемаға көз жұма қарауға болмайды. Демек әлеуметтік саясатты, соның ішінде иммиграция мәселесін қайта қарап, жаңа тәсілдер әзірлеген жөн.

Әлем түбегейлі өзгерді. Бұл үдеріс барған сайын үдей түседі. Бізге де, яғни күллі Қазақстанға өзгеретін кез келді. Өйтпесе өте қиын болады.

Стратегиялық әлеуетіміздің кілті инфрақұрылым, технология, білім және ғылым салаларында жатыр. Лайым солай болуға тиіс. Ұлтты прогресс жолымен өрге сүйрейтін, елімізді өткеннің таптаурын, қасаң түсініктерінен ада еркениетті әрі үйлесімді қоғамға айналдырудың алғашқы қадамдары осы салалардан бастау алуы керек.

Алайда жарқын болашаққа қарай ұмтылу түп-тамырынды ұмыту деген сөз емес. Мәселе – жаһандық үдерістерге еліктеу туралы да емес, алдымызда тұрған мақсат – болмысымызды жоғалтып, бабаларымыз аманат еткен Ұлы даланың баға жетпес мұрасын жадымыздан шығарып алмау. Оған біздің құқымыз жоқ. Дегенмен «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дейді. Біз көне заманнан бері келе жатса да, қазіргі дәуірге сай келетін құндылықтарды ғана пайдалануымыз керек. Сонда ғана дүние жүзінде нағыз жасампаз ұлт ретінде мойындалаымыз.

3-бетте

## 70%-дан АСТАМ НИЕТТІ

Жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдумға қазақстандықтардың 70%-дан астамы қатысуға ниетті.

2026 жылдың 16 ақпаны мен 4 наурызы аралығында жүргізілген қоғамдық пікір сауалнамасының нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан халқы конституциялық реформаны талқылау процесінен жоғары деңгейде хабардар және оны талқылауға белсенді қатысып отыр. Зерттеу 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаладан тұратын 18 жастан асқан 8 000 респондентті қамтыды.

Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (67,1%) жаңа Конституция жобасын толық немесе ішінара таныс екенін айтқан. 27,3%-ы жаңа Конституция жобасын талқылау жатқанын естігенін жеткізген.

Респонденттердің басым бөлігі (90,9%) жаңа Конституцияны қабылдауды қолдайтынын білдірген. Олардың ішінде 67,1% – толық қолдайды, ал тағы 23,8% – көбіне қолдайды.

Жаңа Конституция жобасындағы жекелеген ережелердің ішінде қоғамның негізгі құндылықтарын нығайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған нормалар ең жоғары қолдауға ие болып отыр. Атап айтқанда:

- табиғатқа ұқыпты қарау қағидатын бекіту – 95,0%;
- мәдениет, білім, ғылым және инновация құндылықтарын бекіту – 91,6%;
- цифрлық ортада азаматтардың дербес деректерін қорғау – 89,9%;

некені ер мен әйел арасындағы ерікті әрі тең құқықты одақ ретінде айқындау – 86,7%.

Конституциялық реформа көбіне бейресми ортада талқыланады: отбасы мүшелері арасында (40,1%), достар мен таныстар арасында (29,9%), әріптестер арасында (24,2%).

Жаңа Конституция туралы өз пікірін қалыптастыру барысында азаматтар көбінесе осы саладағы мамандарға, яғни заңгерлерге, сарапшылар қауымдастығына, оның ішінде саясаттанушыларға, әлеуметтанушылар мен аналитиктерге, журналистерге, азаматтық қоғам өкілдеріне, сондай-ақ депутаттар мен мемлекеттік қайраткерлерге сенім артады.

2026 жылдың 15 наурызына белгіленген республикалық референдум қарсаңында халықтың электоралдық белсенділігінің жоғары екені анықталып отыр. «Еліміздің жаңа Конституциясын қабылдау бойынша республикалық референдум 2026 жылдың 15 наурызында өтеді. Айтшыңыз, сіз референдумға барып, дауыс бересіз бе?» деген сұраққа респонденттердің 74,8%-ы дауыс беруге қатысуға ниетті екенін мәлімдеген.

Дауыс беруге қатысуды жоспарлап отырғандардың ішінде «Егер Сіз жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдумға қатыссаңыз, қалай дауыс беруді жоспарлап отырсыз?» деген сұраққа респонденттердің 90,9%-ы жаңа Конституцияны қабылдауды «ҚОЛДАЙМЫН» деп жауап беретінін

айтқан. Жаңа Конституцияға қарсы екенін білдіргендер саны небәрі 4,6%. Сондай-ақ респонденттердің аз ғана бөлігі (4,5%) әлі де өздерінің соңғы таңдауын жасамаған.

Азаматтар үшін Референдум туралы негізгі ақпарат көздері цифрлық медиа мен дәстүрлі БАҚ болып табылады. Сауалнамаға қатысқандар көбінесе ақпаратты әлеуметтік желілердегі жазбалардан (34,8%), интернет-БАҚ жаңалықтарынан (32,1%) және теледидар жаңалықтарынан (30,6%) алады. Әр бесінші респондент әлеуметтік желілердегі қысқа видеоларды атап өтті.

Алынған деректер халықтың азаматтық белсенділігінің жоғары екенін және олардың елдегі маңызды мемлекеттік үдерістерге қызығушылық танытып отырғанын көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі жаңа Конституция жобасын әзірлеу барысында қарапайым азаматтардың пікірі ескерілді деп есептейді.

Әлеуметтік сауалнама 2026 жылдың 16 ақпаны мен 4 наурызы аралығында Демократия институтының жеке қаражаты есебінен жүргізілді. Ірік-теме репрезентативті. Іріктелген жиынтық көлемі 8 000 респондентті құрады. Зерттеу 17 облыстан және республикалық маңызы бар 3 қаладан (Астана, Алматы және Шымкент) 18 жастан асқан азаматтар қатысты. Статистикалық қателік +3,02% құрайды. Сауалнама Орталық сайлау комиссиясының жазбаша хабарламасымен жүргізілді.

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 8-1-тармағына және 113-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 11 наурыздағы №66/118 қаулысымен өкілеттік мерзімі аяқталған Белкөл кентінің әкімін сайлау 2026 жылдың 19 сәуіріне тағайындалды.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 11 наурыздағы №66/118 қаулысымен бекітілген Белкөл кенті әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес кент әкіміне кандидаттарды ұсыну 2026 жылдың 12 наурызында басталады және 2026 жылдың 24 наурызында сағат 18-00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін 2026 жылдың 12 наурызында басталады және 2026 жылдың 29 наурызында сағат 18-00-де аяқталады.

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы:**

120014, Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №21, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдары» МКҚК ғимараты; байланыс телефоны: 27-37-20, электронды поштасы: [tic\\_kzl@saylau.kz](mailto:tic_kzl@saylau.kz)

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының құрамы:**  
Баймуразаев Галым Қонақбаевич – **комиссия төрағасы**, Муханова Алия Муханбеткалиевна – **төраға орынбасары**, Насибиков Кенес Эрдибекович – **комиссия хатшысы**, **комиссия мүшелері:** Куракбаева Кенжегүл Куракбаевна, Акишева Карлыгаш Дауылбаевна, Мүсілімов Жәнібек Исабекұлы, Жорабек Медет Ердинаұлы.

**Қалалық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00**

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

## «Nauryz Sale» акциясы өтеді

2026 жылдың 13-23 наурызы аралығында елімізде «Nauryz Sale» республикалық акциясы ұйымдастырылуда.

Бұл бастама отандық өндірушілерді қолдауға, ішкі сауданы ынталандыруға және тұрғындар мен қонақтары үшін бірыңғай мерекелік атмосфера қалыптастыруға бағытталған.

Акцияға елімізде ішкі сауда саласының шамамен 300 субъектісі, оның ішінде облыста 12 субъекті қатысады. Олардың қатарында «Araу City Mall», «Жібек жолы» сауда-ойын-сауық орталықтары, «Magnum», «Small», «Анвар», «Қызылорда Оптомаркет», «Радуга», «Ажар» ірі сауда желілері мен «Жайна», «Отырар», «ADS Plaza», «Ақжан» сауда үйлері бар.

Акция кезеңінде сауда субъектілері халыққа азық-түлік және азық-түлік емес тауар топтарына мерекелік жеңілдіктер ұсынады. Акциялық тауарлар сауда залдарында арнайы мерекелік навигация және «Nauryz» фирмалық безендіру арқылы белгіленеді.

Сауда орталықтарында қазақстандық өндірушілердің өнімдері ұсынылатын арнайы сату аймақтары ұйымдастырылып, онда тауарлар нарықтағы бағадан орта есеппен 10-25 пайызға төмен бағамен сатылады.

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ БОЙЫНША АІ-ПЛАТФОРМА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Елімізде «Халықтық Конституция қарапайым сөздермен» деп аталатын цифрлық платформа іске қосылды. Жобаны «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Әбуғали Мүтәлі таныстырды. Бұл – Қазақстан Республикасы Конституциясындағы өзгерістерді түсінуге және негізгі заңның әртүрлі редакцияларын салыстыруға көмектесетін чат-боты бар АІ-сервис.

Депутаттың айтуынша, жаңа Конституция жобасына деген қызығушылықты ол өңірлердегі тұрғындармен кездесулер барысында байқаған. Жаңа Конституцияны қолдауға бағытталған Жалпыұлттық коалиция құрамында ол Жамбыл облысы мен еліміздің басқа да бірқатар аймағын аралаған. Сол кездесулерде тұрғындар құжаттың олардың өміріне, жұмысына және өздері тұратын қала мен ауылдардың дамуына қалай әсер ететіні туралы сұрақтар қойып, белсенді түрде пікір білдірген.

## Халықтық Конституция қарапайым сөздермен

Қазақстан Республикасы Конституциясының өзгерістерін талдауға арналған АІ-платформа. Нұсқаларды салыстырыңыз, қосымша ақпарат алыңыз.

Нұсқаларды салыстыру →

Барлық нұсқа

Қызылорда

«Жаңа Негізгі заң – біздің кім екенімізді, қандай қоғам құрып жатқанымызды, қандай құндылықтарды қорғап, балаларымызға қандай болашақ қалдырғымыз келетінін айқындайтын негізгі құжат. Сондықтан жаңа Конституция әрбір азаматқа, әрбір отбасыға, әрбір қала мен ауылға тікелей қатысты. Ал азаматтарға қарапайым, түсінікті әрі нақты жауаптар қажет», – деді Әбуғали Мүтәлі.

Чат-бот мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://halykconst.kz/chat>

Платформа енгізілген түзетулерді талдау және оларды ұғынықты етіп түсіндіру үшін жасанды интеллект технологияларын пайдаланады. Нақты уақыт режимінде әрбір азамат еркін түрде сұрақ қойып, баптардағы нақты өзгерістерді көріп, олардың мазмұнына қатысты жан-жақты түсіндірме ала алады.

Сонымен қатар сервис АІ-көмекші бар. Ол азаматтардың конституциялық құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік құрылым қағидағары және негізгі түзетулер туралы пайдаланушылардың сұрақтарына жауап береді.

Чат-бот арқылы кез келген адам жаңа Конституция жобасындағы өзгерістермен танысып, олардың жастарға, мұғалімдерге, дәрігерлерге, кәсіпорын қызметкерлеріне, кәсіпкерлерге, отбасыларға және аға буын өкілдеріне қандай мүмкіндік беретінін біле алады.

Жобаны әзірлеушілер платформаның басты мақсаты – Конституция мазмұнын кең аудитория үшін түсінікті әрі қолжетімді ету екенін жеткізді. АІ-сервис Жалпыұлттық коалицияның ресми сайтында орналастырылады. Ол Негізгі заңды зерделеуге, ұсынылып отырған өзгерістерді талқылауға және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға арналған ыңғайлы құралға айналады деп күтілуде.

Енді Конституцияны оқып түсіну бұрынғыдан да оңай әрі көрнекі бола түсті.

## «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»: РОБОТ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ – УАҚЫТ ПЕН ҚАРЖЫНЫ ҮНЕМДЕЙТІН ТИІМДІ ТЕТІК

2024 жылғы 19 маусымда Мемлекет басшысы кредит беру кезінде тәуекелдерді азайтуға және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруге бағытталған заңға қол қойды. Аталған өзгерістердің нәтижесінде республика көлемінде «Оңайлатылған іс жүргізу» қызметі іске қосылып, «Робот сот орындаушысы» жобасы енгізілді.

Жаңа тәртіпке сәйкес, 20 айлық есептік көрсеткішке дейінгі өкімшілік айыппұлдар белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, атқарушылық іс жүргізу автоматты түрде қозғалады.

Азаматтарға бұл туралы 1414 нөмірінен SMS-хабарлама және eGov Mobile қосымшасы арқылы push-хабарлама жолданады. Аталған жүйе жеке сот орындаушысының қызметіне төленетін 25 пайыздық қосымша шығыннан босатып, барлық рәсімдерді онлайн форматта жүргізуге мүмкіндік береді.

2025 жылы облыс бойынша жалпы сомасы 1,15 млрд. теңгені құрайтын 48 236 атқарушылық іс қозғалған.

Мысалы, белгілі бір азаматқа полиция органдары тарапынан өкімшілік бұзушылық жасауына байланысты, айыппұл салынады.

Заңда көрсетілген мерзімде айыппұлды төлемеген жағдайда, заң талаптарына сәйкес өкімшілік хаттама полиция органдарынан автоматты түрде сот орындаушысына мәжбүрлі түрде өндіріп алу үшін жолданады.

Жаңа тәртіп бойынша алдымен «робот сот орындаушы» жүйесі іске қосылып, азаматтың банктік шотында айыппұлды өтеуге жетерліктей қаражаты болса, берешек сомасы

автоматты түрде өндіріліп алынады да, атқарушылық іс қысқартылып, азаматтың шоты қайта ашылады.

Ал шотында қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, іс заңға сәйкес отыз күн күнтізбелік көшкірмейіш жеке сот орындаушысына жолданады. Бұдан әрі берешекті өндіру шаралары қолданыстағы заңнама аясында жүргізіледі.

Осылайша қазір азаматтардың уақытын үнемдеп, рәсімдерді жеңілдетуге және атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған ақпараттық механизм болып табылады.

Қазіргі уақытта, әділет органдары цифрлық сервистерді одан әрі жетілдіру жұмыстарын жалғастыруда. Соның ішінде жасанды интеллект негізінде «Әйтеке» көмекшісі іске қосу жоспарлануда. Аталған чат-бот азаматтарға қарапайым құқықтық кеңес беріп, құжаттарды рәсімдеуге жәрдемдесетін болады.

Сонымен қатар робот сот орындаушысының құзыретін кеңейту мәселесінде қарастырылуда, яғни берешек шегі 20 айлық есептік көрсеткіштен 40 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылмақ.

«Заң мен тәртіп» қағидасы аясында қабылданып жатқан шаралар құқықтық сауаттылықты арттыруға, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету баса назарға алынған. Нәтижесінде азаматтардың уақытымен қаржысын үнемдеп, заң көмегін алу үдерісі барынша жеңілдетуге бағытталған.

**ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті**

## СЫНЫПТАҒЫ ҮНСІЗ АГРЕССИЯ: МҰҒАЛІМ НЕНІ БАЙҚАУЫ КЕРЕК?

Мектептегі буллинг әрдайым ашық жанжал немесе төбелес түрінде көріне бермейді. Көп жағдайда ол «үнсіз агрессия» түрінде байқалады. Яғни оқушыға тікелей қысым көрсетілмегендей көрінгенімен, сынып ішіндегі қарым-қатынас арқылы біртіндеп психологиялық қысым жасалады. Мұндай жағдайды ауықтында байқап алмау буллингтің тереңдеуіне әкелуі мүмкін.

Үнсіз агрессияның негізгі ерекшелігі – оның көзге бірден байқалмауы. Мысалы, кейбір оқушылар белгілі бір сыныптың топтық жұмыстарға қоспайды, әдейі назар аудармайды немесе оны сыныптағы ортақ әңгімеден шет қалдырады. Бұл әрекеттер сырттай қарағанда ұсақ жағдай сияқты көрінгенімен, бала үшін әлеуметтік оқшауланудың ауыр тәжірибесіне айналуы мүмкін.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, сыныптағы әлеуметтік оқшаулау баланың өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етеді. Егер оқушы өзін сыныптың толық мүшесі ретінде сезінбесе, ол біртіндеп тұйықталып, оқу белсенділігін төмендетуі мүмкін.

Мұғалім үшін ең маңызды міндеттердің бірі – сыныптағы бейресми қарым-қатынастарды байқап алу. Сабақ барысында кімнің кіммен отыратыны, үзілісте кімдердің бірге жүретіні, топтық жұмыстарда кімдердің бір-бірін таңдауы сияқты ұсақ көрінетін факторлар сыныптағы әлеуметтік құрылымды түсінуге көмектеседі.

Осындай жағдайларда мұғалім сыныптағы қарым-қатынасты реттеудің педагогикалық тәсілдерін қолдана алады. Мысалы, топтық жұмыстарда оқушыларды әрдайым бірдей құрамда емес, араластырып отырғызу, ортақ тапсырмалар беру, бір-бірін қолдауға бағытталған жаттығулар ұйымдастыру тиімді нәтиже береді.

Сонымен қатар сыныпта өзара құрмет мәдениетін қалыптастыру да

маңызды. Оқушыларға әр адамның ерекшелігі бар екенін, әркімнің пікірін тыңдау және қабылдау мәдениетін түсіндіру – психологиялық қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызды бөлігі.

Психологиялық тәжірибе көрсеткендей, буллингтің алдын алу көбіне үлкен әрекеттерден емес, сыныптағы күнделікті қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастырудан басталады. Егер мұғалім сыныптағы әлеуметтік қатынастарға назар аударып отырса, буллингтің алғашқы белгілерін ерте байқап, оның алдын алуға мүмкіндік алады.

Сондықтан мектептегі қауіпсіз психологиялық орта – тек психологтың ғана емес, әр педагогтің күнделікті жұмысының маңызды бөлігі болып табылады.

**Ақжолана Дамира Бекмағанбетқызы Қалжан Нұрмаханов атындағы №95 орта мектебінің педагог-психологы**  
Қазалы ауданы, Қазалы қаласы

### СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетінін хабарлайды.

### ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года №153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» **«Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

<b>МЕНШІК ИЕСІ:</b>	<b>Редакцияның мекен-жайы:</b>	(E-mail: <a href="mailto:a_akshamy@mail.ru">a_akshamy@mail.ru</a> )	<b>ТАРАЛЫМЫ:</b> 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
<b>«Желтоқсан и К» ЖШС</b>	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет авторларға қайтарылмайды.
<b>Бас редактор</b> Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	<b>Телефон:</b> 23-16-08 23-16-11	Газет аптасына бір рет жарық көреді	<b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
<b>Бас редактордың орынбасары</b> Айдана ӘЛИАРЫСТАН			<b>Таралу аумағы:</b> Қазақстан Республикасы <b>Тапсырыс</b>	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

Үкімет пен әкім

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

## ЕҢ БАСТЫСЫ – АДАМ КАПИТАЛЫН ЖАҚСАРТЫП, ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Конституциямыздың жаңа жобасы мәдени кодымызды сақтап, жалпұлттық бірегейлігімізді нығайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, еліміздің Бас құжатты халқымызды дәстүр мен даму үйлесім тапқан даңғыл жолға түсірмек.

Қуатты және тұрақты экономикасы бар Әділетті, бәсекеге қабілетті Қазақстанды құруға жетелейтін орнықты дамудың институттық және құқықтық негіздері Конституция жобасында көрініс тапты.

Ал қазіргі Ата Заңымыз қабылданған шақта Қазақстан еңсесін енді тіктеп жатқан еді. Ол кезде Егемендікті сақтап қалу, билік институттарын құру, елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттеріне басымдық берілді. Бүгінгі Конституция еліміздің қол жеткізген барлық жетістігінің бастауында тұрды. Бұл – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы. Бірақ заман бір жерде тұрмайтыны белгілі.

Қазір Қазақстан – халықаралық беделі биік, саяси жүйесі мығым, экономикасы орнықты дамып жатқан қуатты мемлекет. Шетелдегі саясаткерлер мен сарапшылар елімізді ірі орта мемлекет ретінде мойындап, құрмет білдіруде.

Біз БҰҰ Жарғысының негізіне айналған халықаралық құқық сақталуы қажет деп санаймыз. Алдағы уақытта да осы қағидаттан айнымаймыз. Бұл – Қазақстанның нақты ұстанымы. Еліміздің Конституциясында ұлттық заңнама талаптарын ескермей, оны екінші орынға қоятын екіұшты ереже болмауы керек. Бұған жол беруге болмайды. Бұл да Тәуелсіздік пен Егемендік мәселесі.

Ата Заңымызда Қазақстан халқының бірлігін, этносаралық, конфессияаралық келісімді, толеранттылықты нығайтатын нормалар бар. Бұл – біздің саяси, рухани құндылықтарымыз. Сондықтан оны құқықтық тетіктер арқылы күллі қоғам болып қорғауға міндеттіміз.

Қазақстанның экономикасы Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі ең үлкен экономика саналады. Қазақстан дүние жүзіндегі ең ірі 50 экономиканың қатарына қосылды. Бұл 20 миллион халқы бар ел үшін жақсы нәтиже деп айтуға болады.

Біз барлық елдермен тығыз қарым-қатынасты дамытып, теңгерімді, саликалы, ұлт мүддесіне сай сыртқы саясатты жүргізе отырып, өз жолымызбен жүріп келеміз.

Ал жаңа Конституцияны қабылдау, бұл – уақыт талабы, мемлекетіміздің алдында тұрған өзекті, шұғыл міндет. Бас құжаттың жобасы Қазақстанның тұғыры берік, бағдары айқын, алысқа көз тігетін озық ойлы ел екенін көрсетеді. Оның әр нормасы ұлт мүддесіне қызмет етеді. Ата Заң жобасында Әділдік пен Отаншылдық, Заң мен Тәртіп, Тазалық пен Адалдық қағидаттары айқын көрініс тапты.

Біз бәріміз бір ұлт болып тарихи жолдың торабына жеттік, енді халқымыз келе жатқан жалпыхалықтық референдумда ел тағдырына әсер ететін таңдауын жасайды.

*(Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінен)*

## ҚҰРЫЛЫС САПАСЫН ЖИ БАҚЫЛАЙДЫ...

**Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкіметінің отырысында тұрғын үй құрылысын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды.**

Тұрғын үй саясатында негізгі рөл атқаратын Отбасы банкі ұлттық даму институты мәртебесіне ие болды. Баспана алуға кезекке тұрғандардың тізімдерін цифрлық форматқа көшіру адам факторын барынша азайтып, тұрғын үйді есепке алу мен бөлу рәсімдерінің ашықтығын арттырды.


Сондай-ақ «Наурыз» және «Наурыз – жұмыскер» бағдарламалары бойынша жалпы көлемі 233 млрд. теңгеге 8,5 мыңнан астам несие берілді.

– **Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында құрылыс қарқыны қауіпсіздік пен сапаға кесірін тигізбеуі керек екенін атап өтті. Өткен жылы құрылыстың сапасына қатысты ресми түрде 63 мыңнан астам шағым келіп түскен. Жаңа Құрылыс кодексі осындай олқылықтардың алдын алуға бағытталып отыр. Ол ескірген нормалардан халықаралық стандарттарға, цифрлық және автоматтандырылған технологияларға көшу арқылы бүкіл саланы жүйелі түрде жаңартуды қамтамасыз етеді.** — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Құрылыс кодексі аясында мемлекеттік бақылау күшейтілді. Тексеруші органдарға жаңа құралдар, оның ішінде цифрлық технологиялардың кең ауқымы ұсынылды. Нысандарды қабылдап алу кезінде құрылысты бақылау органдары мен төтенше жағдайлар қызметтерінің міндетті түрде қатысу тетігі енгізілді. Бұл апаттар мен өрт қаупін азайтуға мүмкіндік берді.

Үлестік құрылыс саласында талаптар қатаңдатылды.

Мемлекеттің тиісті рұқсаты мен кепілдігі болмаса, құрылыс компаниялары үлескерлердің қаражатын тарта алмайды, ал банктер ипотека бермейді. Құжатта сейсмикалық қауіпсіздік талаптарын күшейтуге баса назар аударылған. Сондай-ақ ретсіз және заңсыз



**Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ:**  
– Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал ететін, ең бастысы, елге пайдасы тиетін нақты нәтижеге қол жеткізу басты мақсат болуы тиіс екенін атап өтті. Бұл міндетті іске асыруға құрылыс секторы тың сөріпін беретіні анық. Өткен жылы салада 16% деңгейінде өсім сақталды. 20 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 185 мың отбасы баспана жағдайын жақсартты. Биыл да құрылыс қарқынын сақтай отырып, тұрғын үйді қолжетімді ету бағытында жұмысты жалғастыру керек.

құрылыстардың алдын алу, сондай-ақ мектептер мен ауруханалардың тапшылығы сияқты жағдайларды болдырмау үшін түбегейлі жоспарлау жобаларын түзетуге бақылау барынша күшейтілді.

Сонымен қатар құрылыс саласын цифрландыру ісіне ерекше көңіл бөлінді. Бірыңғай құрылыс порталы саладағы ашықтықты арттырып, әртүрлі жүйелерді «бір терезе» қағидаты бойынша біріктіруге және артық бюрократия мен мерзімдерді қысқартуға мүмкіндік береді.

Үкімет басшысы Өнеркәсіп және құрылыс, Жасанды интеллект министрліктеріне биылғы шілде айының соңына дейін жобаларды сараптау бойынша жасанды интеллект модульдерінің пилоттық режимдегі жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар Маңғыстау,

Қызылорда облыстары, Абай, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан өңірлерінің әкімдіктеріне 1 маусымға дейін бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарларды Қала құрылысы кадастрына көшіруді жалғастырып, саланы цифрландыру бойынша барлық жоспарды жеделдету тапсырылды.

Отырыстың қорытындысы бойынша Премьер-министр бірқатар тапсырма берді:

Екінші деңгейлі банктердің коммерциялық ипотекасын жетілдіру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеу үшін Мемлекеттік бағдарламаларға жүктемені азайту мақсатында қолжетімді коммерциялық ипотекасын дамытып, көлемін ұлғайту қажет.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Ұлттық банкпен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, екінші деңгейдегі банктердің коммерциялық ипотекасын және тұрғын үймен қамтамасыз ету құралдарын одан әрі жетілдіру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеуі тиіс.

Сонымен қатар «Отбасы банк» өз кезегінде, халықтың осал санаттарын қолдауға баса көңіл бөлуі қажет.

Құрылыс кодексі аясында нормативтік актілерді уақтылы жаңарту үшін Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі 1 шілдеге дейін нормативтік актілерді жаңартып, қабылдауды, сондай-ақ оларды іске асыру кезінде үздіксіз бақылап отыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Құрылыс саласында 38 жаңа жобаны уақтылы іске қосу үшін құрылыс көлемінің жыл сайын өсуіне байланысты құрылыс материалдарына да сұраныс артып келеді. Сондықтан тапшылық пен бағаның өсуіне жол бермеу, сондай-ақ отандық өндірісті қолдау мақсатында қажетті құрылыс материалдарын өндіру жобалары жүзеге асырылып жатыр.

Биыл елімізде осындай 38 жаңа жобаны іске қосу жоспарланған. Өнеркәсіп министрлігі «Бәйтерек» холдингімен бірлесіп, олардың уақтылы іске қосылуын қамтамасыз етуі тиіс.

## АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫМБАТТАМАДЫ?...

Елімізде азық-түлік бағасы желтоқсандағы 13,5%-дан қаңтарда 12,9%-ға, ақпанда 12,7%-ға дейін төмендеген. Үкімет басшысының орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен инфляция динамикасы мен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының ахуалына арналған кезекті кеңесте Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, бұған әсер еткен факторлардың бірі — әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізімінің жаңартылуы. Тізім 19 атаудан 31 атауға дейін кеңейтілді. Бағаның тұрақтануына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген шекті сауда үстемесінің сақталуына мемлекеттік бақылаудың күшейтілуі де ықпал еткен.

Жалпы ел бойынша инфляция бесінші ай қатарынан баяулап келеді екен. 2025 жылғы қыркүйектегі 12,9%-дан 2026 жылғы ақпанда 11,7%-ға дейін төмендеген.

Наурыз айының алғашқы аптасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі 0,1%-

ды құрады. Әдетте наурыз айында маусымдық баға өсімі байқалады. Дегенмен Сауда және интеграция министрлігі оны қосымша баға акцияларын ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін кеңейту арқылы тежейміз деп отырған көрінеді. Сонымен қатар көрші елдерден көкөніс өнімдерін жеткізуге арналған «жасыл дәліз» механизмі де өз жұмысын жалғастыруда.

Кеңесте сүт өнімдерінің қымбаттағаны аталды. Бұл, ең алдымен, негізгі шикізат — шикі сүт құнының өсуімен байланысты. Бұдан бөлек энергия ресурстары бағасының артуы мен өндірістік шығындардың көбеюі де әсер етуде. Айта кету керек сүт өнімдері азық-түлік инфляциясының құрылымында елеулі үлеске ие — шамамен 6,3%.

Осыған байланысты Сауда және интеграция министрлігі сүт өңдеу кәсіпорындарын қолдау тетіктерін қарастыруды ұсынды. Сондай-ақ нан саласын қолдау шараларын пысықтау ұсынылды. Атап айтқанда, кәсіпорындарды арзандатылған астық және ұнмен қамта-

масыз ету, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп тиісті шикізатты теміржол арқылы тасымалдау тарифтерін төмендету мүмкіндігін қарастыру мәселесі көтерілді. Вице-премьер әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерді қолдаудың тиімді тетіктерін әзірлеу үшін елде жұмыс істеп тұрған 42 сүт өңдеу кәсіпорнындағы өнім бағасының қалыптасуына жан-жақты талдау жүргізуді тапсырды.

Кеңес барысында тұрақтандыру қорларындағы көкөніс өнімдерін сату қарқынының төмен екені де айтылды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың мәліметінше, қазіргі таңда картоп қорының 56%-ы, сәбіз бен пияздың 55%-ы, ал қырыққабаттың 58%-ы сатылған. Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Сауда комитетіне өңірлердегі тұрақтандыру қорларына тексеріс жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ әкімдіктердің есептік деректерінде көрсетілген өнімдердің нақты бар-жоғын анықтау міндеті қойылды.

## КАРТОП СЫРТҚА ШЫҒАДЫ, ҰРҒАШЫ МАЛ ШЫҚПАЙДЫ, ЖҰМЫРТҚА КЕЛМЕЙДІ

Үкімет басшысының орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен сыртқы сауда және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі Ведомстваралық комиссияның (ВАК) отырысы өтті. Онда картопты экспорттауға тыйым салынбайтын болды. Өйткені ішкі нарықтағы баға айтарлықтай тұрақты, әрі картоптың жеткілікті қоры бар.

Сондай-ақ сиыр етін экспорттаушыларға квота беру талабы жеңілдетілді. Квота бөлуінің қолданыстағы тетігі кемінде 5 мың басқа арналған жеке бордақылау алаңы мен өзінің ет комбинатының болуы секілді бірқатар талапты көздейді. Шешім қабылдау кезінде ВАК-қа қатысушылар Үкімет бекіткен Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарын да назарға алды. Құжат ірі қара мал санын 7,9 млн-нан 12 млн. басқа арттыруды, сондай-ақ экспорттық әлеуетті

нығайтуды және қазақстандық сиыр етін өткізудің жаңа нарығын ашуды көздейді. Ауыл шаруашылығы министрлігі квота бөлуінің қолданыстағы ережесіне тиісті өзгеріс енгізеді. Сиыр етін сыртқа шығару квота беру жеңілдетілгенімен аналық мал басын сақтау және отандық қайта өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында елден ірі қара мен ұсақ малдың аналық басын, сондай-ақ ірі қара мал бұқашықтарын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге әкетуге тыйым салу ұзартылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 70 құс фабрикасы жұмыс істейді. Оның 34-і жұмыртқа, 29-ы ет, 7-еуі асыл тұқым өндіреді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша тауық жұмыртқасының өндірісі 2,4%-ға, яғни 4 568,5 млн.-ға артқан. Ішкі нарықтағы отандық өндіріс 98%-ды құрады. Тиісті бұйрықты Ауыл шаруашылығы министрлігі қабылдайды.

## ҚЫЗЫЛОРДАДА СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІ ТӨМЕН...

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Ақмола облысына жұмыс сапары барысында өңірдегі су тасқыны жағдайымен танысып, мемлекеттік органдар басшылығы және облыс әкімдерінің қатысуымен Төтенше жағдайларды жою жөніндегі республикалық жедел штаб отырысын өткізді.

Республикалық жедел штаб отырысында Премьер-министр су тасқыны жағдайын қиындатып жіберуі мүмкін бірқатар факторға назар аударды. Олар – қалың қар, күздегі жаңбырдан соң жер бетінің мұз болып қатып қалуы, топырақ қабатындағы терең тоң. Бұл ретте кейбір өңірлерде су тасқынына дайындық шаралары толық жүзеге асырылмаған. Оның ішінде өзендердің түбін тереңдету, жағалауды бекіту жұмыстары аяқсыз қалған, сондай-ақ елді мекендерден қарды шығару да тиісті деңгейде қамтамасыз етілмеген.

2026 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық туралы Экология және табиғи ресурстар, Су ресурстары және ирригация, ТЖ министрлері, сондай-ақ Көлік, Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрлері баяндады. Ақмола, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері тыңдалды, бұл өңірлерде болжамдарға сәйкес су басу қаупі сақталып отыр.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев биылғы көктемге арналған болжамдар туралы айтты. Қазгидрометтің мәліметінше, Қазақстанда наурыз және сәуір айлары жылы болады, ауа температурасы нормадан 1°С жоғары, жауын-шашын еліміздің басым бөлігінде нормадан жоғары болады деп күтілуде. Жоғарыда аталған үш өңірден басқа, Шығыс Қазақстан, Абай, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Түркістан, Алматы, Ұлытау мен Жетісу облыстарында да қауіптер бары атап өтілді. Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Жамбыл облыстарында су тасқыны қаупі төмен.

\*\*\*

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен өңірлердің 2026 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындығы талқыланған республикалық штаб отырысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Қазіргі таңда “Шардара” су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 200 текше метр су жіберіледі. Оның 50 текше метрі “Көксарай” су реттегіші арқылы алынып, аймаққа секундына 179 текше метр су түсуде.

Ақпанның 13-нен бері Сырдария өзенінен мұз жүрді. Бүгінде ықтимал су тасқынының алдын алудың кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп қолға алынған. Су басу қаупі бар аймақтарға арнайы техникасы мен күш-құралдары бар жауапты мекемелер бекітілді. Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қор жеткілікті, халықты көшіру пункттері дайын.

Жергілікті атқарушы органдар, төтенше жағдайлар және су шаруашылығы мамандары тәулік бойы кезекшілікте. «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісімшартқа сәйкес 1 тікұшақ дайын. Мұз жаруға арнайы мамандандырылған мекемемен келісімшарт жасалды.

Өткен жылы 199,1 млн. теңге қаржыға 11 нысанның қорғаныс бөгеттері жөнделіп қалпына келтірілді. Бұдан бөлек, бюджеттен тыс көздер есебінен 1 нысанға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

\*\*\*

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін өткен облыс әкімдігінің мәжілісінде осы мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

– Тұрғын үй құрылысына және пәтер сатып алуға бөлінген қаржының толық өрі тиімді игерілуін қамтамасыз етіңіздер. Үйлердің сапасы және белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі қатаң бақылануы тиіс. Баспаналарды кезектілік тәртібімен табыстауды 20 наурызға дейін аяқтау керек.

Өткен аптада аппарат инспекторлары аудандарда пайдалануға берілген үйлердің жай-күйін зерделеп, бірқатар кемшілікті анықтады. Аудан әкімдеріне кемшіліктерді жою жөнінде бұған дейін бірнеше рет тапсырма берілген болатын. Алайда тапсырма толық орындалмаған. Сондықтан мердігер мекемелерді тартып, анықталған олқылықтарды 3 күн ішінде шұғыл қалпына келтіріңіздер, – деді Н.Нәлібаев.

Өткен жылы өңірде тұрғын үй құрылысына 36 млрд. теңге қаржы бөлініп, 939,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 108,4 пайызға өсім қалыптасты.

Жыл қорытындысымен 2577 пәтер табысталып, 10 мыңнан астам тұрғын баспаналар қамтылды. Биыл тұрғын үй құрылысы мен пәтер сатып алуға 55 млрд. 600 млн. теңге қаржы бөлінген.

## ҚАТЫСҚАҢДАР ДА, ҚАТЫСПАҒАҢДАР ДА АРМАҢДА

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Анаға тағзым» орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әйел-аналармен кездесті. «Сыйынар ем, Ана деген тәңірге» тақырыбындағы басқосуға еңбек ардагерлері, түрлі сала мамандары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды көктемнің шуғылалы мерекесімен құттықтап, қыз-келіншектердің еліміздің, Сыр өңірінің дамуына қосқан сүбелі үлесін атап өтті.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ананың аялы алақаны мен шексіз мейірімі әр үйге жылылық береді. Салт-дәстүріміз бен ана тіліміздің бүгінгі күнге жетуі де, ең алдымен, аналардың арқасы. Өмірдің мәні де, тіршіліктің сәні де – сіздер!» – деген болатын.

Өткен тарихымызға қарасақ, ел басына күн туғанда асыл аналарымыз бен аяулы аруларымыз қиындыққа мойымай, ұлт тағдырына араласты. Бала тәрбиесін ұлт тәрбиесі деп қараған дана халқымыз болашақ ұрпақты дүниеге әкеліп, бағып-қағып, қияға қанат қақтыратын аналарды ардақтай да, аялай да білген.



саладағы, әсіресе ауылдағы медициналық мекемелердің жабдықталуындағы жетістіктерді айтты.

Жиынға қатысушылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Ана мен бала» облыстық перинаталдық орталығындағы жас аналар мен медицина қызметкерлерін Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

– «Халқымызда «Ата ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді» деген даналық сөз бар. Ананың ақ сүтімен дарыған мейірім мен мейман көңіл – ұлт рухының өзегі, елдіктің тірегі. Аяулы жанның жүрегінен бастау алған ізгілік қоғамды ізгілендіріп, адамзатты биік мұраттарға жетелейді.

Ана – тіршіліктің шуағы, өмірдің тұтқасы. Оның бір ауыз жылы сөзі –

болған аналарымызға құрметіміз қашанда шексіз!

Сіздер – мейірім мен махаббаттың, сабыр мен төзімнің символысыздар. Дүниеге сәби әкелу – үлкен ерлік, ұлы жауапкершілік. Сәбидің шат күлкісі мен алаңсыз балалығы – ең алдымен ананың ақ жүрегі мен адал еңбегінің жемісі. Сіздердің әрқайсыларыңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, сәбилеріңізге жарқын болашақ тілеймін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Басқосуда мереке қарсаңында сәбилі болған аналар мен медицина қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана

табыстары мен Сыр өңірінің бүгінгі жетістіктерінің барлығында әйелдер қауымының өз қолтаңбалары бар.

**Аймақта 48 мыңнан астам көпбалалы отбасы болса, оның 17 мыңға жуығы «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері. Алтын құрсақты аналар демографиялық ахуалды жақсартуға зор үлес қосып келеді. Өңірде отбасы институтын дамыту және аналарды әлеуметтік қолдау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.**

**Белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демалуымен «Анаға тағзым» орталығы салынған. Орталықта екі жылдың ішінде 40 мыңға жуық ана мен қыз-келіншекке қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, кейінгі жылдары бой көтерген «Отбасы орталығында» болашақта шаңырақ көтеретін жастар мен жас отбасыларға психологиялық және құқықтық кеңестер беріліп, мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді.**

**Облыстағы барлық 7 ауданда заманауи үлгідегі «Руханият орталықтары» салынып, пайдалануға берілді. Аталған орталықтарда музей мен кітапхана жұмыс істейді. Өңірде соңғы екі жыл қатарынан «Анаға тағзым» республикалық форумы өткізіліп келеді.**

**Бүгінде өңір халқының саны 845 135 болса, оның 419 819-ы, яғни 49,6%-ы – әйелдер, 185 мың қыз-келіншек қалалық жерде, 230 мыңнан астамы ауылда тұрады. Мемлекеттің жүйелі қолдауының арқасында қыз-келіншектердің экономикадағы, саясат пен қоғамдық қызметтегі рөлі жыл өткен сайын артып келеді.**

Бүгінде отбасы институтын, көпбалалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдығына айналды. Аймағымызда аналарды әлеуметтік қолдау бағытындағы жұмыстар нәтижелі іске асырылуда.

Сіздер тәуелсіз еліміздің дамуына зор үлес қосып, әрқашан парасаттың, мейірім пен ізгіліктің ұйытқысы болып келесіздер. Көктем мерекесі көңілдеріңізге шаттық сыйласын!» – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова аймақта «Келешек мектептерінің», басқа да білім ордаларының салынуы, қосымша білім беретін мекемелердің ашылуы ана мен балаға жасалған қамқорлықтың нағыз үлгісі екенін атап өтті. Қармақшы аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлжауар Раева «Руханият орталықтарының» ұлттық құндылықтарды сақтап, ұрпақ сабақтастығын жалғастырудағы қызметіне тоқталды. Ал Жаңақорған ауданы «Қырқенсе» дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері Жазира Мәлікбаева өзі қызмет ететін

**Бүгінде облыс орталығында 36 млрд. 400 млн. теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Нысанды жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар 45 млрд. 800 млн. теңгеге 200 төсек-орынға арналған жаңа перинаталдық орталықтың, 14 млрд. 700 млн. теңгеге 500 келушіге арналған емхананың және 9 млрд. 800 млн. теңгеге Титов кентінде ауысымына 400 келушіге арналған №5 қалалық емхананың құрылыстары басталды.**

жанға дауа, жанары – балаға бағдар, алақаны тиген жерге береке қонады, батасы дарыған ұрпақтың бағы жанады.

Адамзат баласы үшін анадан құдіретті, анадан ардақты, анадан аяулы жан жоқ. Сондықтан да ананы ардақтау – адамдықтың асыл өлшемі, ананы құрметтеу – перзенттік парыз. Өлемдегі ең жоғары мадақ та, құрмет те ару-аналарға арналады. Еріне адал жар, баласына ардақты ана болуымен ұрпаққа өнеге, отбасына ұйытқы

– әлемнің бесігі» атты салтанатты шара өтті. Аймақ басшысы аналар мен қыз-келіншектерді көктемнің көркем мерекесімен құттықтады.

– «Президентіміз «Әйелдер қауымының отбасындағы, қоғам өміріндегі және мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі рөлі орасан зор. Қыз-келіншектер өндірісте, шығармашылық жолында, саясат, бизнес және басқа да көптеген салада биік белестерді бағындырып келеді», – деген болатын. Тәуелсіз Қазақстанның толағай



Аналарымыздың рухынан күш, ұлағатынан тәлім алған аруларымыз бүгінде экономикамыздың барлық саласында табысты еңбек етеді. Облыс бойынша мемлекеттік қызметшілердің 45 пайызы, медицина

қатар «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты мереке иелерінің мерейін асырды.

## «ХАЛЫҚТЫҢ АТА ЗАҢЫ» ДЕП ӘН САЛАДЫ...

Қазақстанның мәдениет және өнер қайраткерлері еліміздің жаңа Конституциясына арналған «Халықтың Ата Заңы» атты бірлескен ән жазды. Жоба өтіп жатқан саяси реформаларға қоғамдық қолдаудың жарқын көрінісінің және азаматтық бірліктің үлгісіне айналды.

Жазбаға он бір танымал орындаушы қатысты: Қайрат Баекенов, Мәдина Садуақасова, Заттыбек Көпбосынұлы, Бауыржан Исаев, Еркеш Хасен, Маржан Арапбаева, Алишер Каримов, Сүндет Байғожин, Анна Уварова, Әділбек Байтанат және аты аңызға айналған Роза Рымбаева. Туындының соңғы бөлігі барлық қатысушылардың даусын бір хорға біріктіреді, өнге ерекше салтанат пен кең тыныс береді.

Роликтің видеосы біздің еліміздің жетістіктерінің кең панорамасын қамтиды:

қазақстандық спортшылардың халықаралық аренадағы спорттық жеңістері, ғылымдағы, робототехникадағы, медицинадағы және білім берудегі табыстар, Қазақстанның сиқырлы табиғи көріністері, сондай-ақ қоғамдық және инфрақұрылымдық дамудың жарқын мысалдары көрініс тапқан.

Визуалды бөлік өннің негізгі идеясы – ел бірлігін жарқын дамудың кепілі ретінде есептеп, қазіргі Қазақстанның болашаққа сенімді қарайтын тұтас бейнесін қалыптастырады.

Мәдениет қайраткерлерінің бастамасы жаңа Конституция жобасын қолдаудың және қоғамды тұрақтылық, сабақтастық және Қазақстанның тұрақты прогрессі идеясы төңірегінде біріктірудің маңызды белгісі болды.

Жаңа Конституцияны қабылдау бойынша республикалық референдум 15 наурызда өтеді.

## ӘЙЕЛ - ТІРШІЛІКТІҢ ТҰМАРЫ

Қызылорда қаласы әкімі Нұржан Ахатов Халықаралық әйелдер күніне орай шаһардың дамуына сүбелі үлес қосып, түрлі салада еселі еңбек етіп жүрген белсенді және іскер әйелдер қауымын қабылдады. Көктемнің шуақты мерекесіне арналған жарқын жүздесуде Нұржан Сәбитұлы аруларға жылы лебіз арнады.

– Алты Алашқа танымал Тұмар ханшайым, даналықтың дәрісі – Бегім ана мен Домалақ ана, сұлулықтың символы – Қыз Жібек пен Баян сұлу, кешегі заманның батырлары – Әлия мен Мәншүк, Хиуаз, өнердегі ардақтыларымыз – Роза мен Сәбира апаларымыз кешегі күннің кеменгерлері болатын. Қаламызда сол аналарымыздың тірі куәгерлері 400 - ге тарта тыл ардагері тұрады. Одан бөлек, тұрғындарымыз 103 жасты еңсерген Күлтай Кәрібаева және 102 жастағы Мария Исаева әжелеріміз бүгінде ұрпақтың амандығын, еліміздің тыныштығын тілеп отыр.



Шаһарымызда 19 мыңнан астам қыз-келіншек кәсіпті қолға алып, бизнестің дамуына үлес қосса, қала әкімдігінде және оған қарасты мекемелерде 90-ға жуық мемлекеттік қызметші қыздарымыз билік пен бұқараның арасына дәнекер болып келеді.

Шаңырақтың ұйытқысы болған Ұлт аналары - аяулы әжелер, асыл аналар, көктемдей құлпырған қыз-келіншектер, мерекелеріңіз тағы да құтты болсын. Отбасыларыңызға құт - береке, мол ырыс - несібе тілеймін, - деді қала әкімі.

Мерекелік шарада көпбалалы аналарға Алтын және Күміс алқа, түрлі салада еңбек етіп жүрген аруларға аймақ және қала басшысының Алғыс хаты табысталып, сый-құрмет көрсетілді.

Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбек Шәменов пен қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев ізгі лебіздерін білдірді.

Жүздері бал-бұл жайнаған әйелдер қауымы шарапаты мол, шаттығы көл-көсір қуанышқа толы салтанатты шараның шынайы күесі болды. Құшақтары гүлге толды. Мерекелік қабылдауда аруларға өннен шашу шашылды.



## ДЕНСАУЛЫҚТЫ БАСҚАРАДЫ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Жиында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімі негізінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған Әбілпатта Алмас Әбдіғалпұрлы таныстырылды.

Нұрлыбек Машбекұлы денсаулық сақтау басқармасы басшысының жұмысына сәттілік тілеп, бірқатар тапсырма жүктеді.



Алмас Әбілпатта 1987 жылы дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде «әмдеу ісі» мамандығы бойынша білім алған. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Денсаулық сақтаудағы іскерлік өкімшілендіру» магистрінде оқыған.

Еңбек жолын облыстық медицина орталығында қабылдау бөлімшесінің хирург-дәрігері ретінде бастаған. Әр жылдары облыстық көпбейінді аурухананың хирург-дәрігері, бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары болып еңбек еткен.

2023 жылдан осы кезге дейін Шиелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарған.

— Ана мен саби өлімі, қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткішін төмендетудегі жұмыстар жүйелі жүргізілуі тиіс. Тұрғындарды профилактикалық, оның ішінде онкологиялық және жұқпалы емес ауруларға тұрақты тексеріп, алдын алу шараларын күшейту керек. Саланы цифрландырып, қағазбастылықты азайтуды тапсырамын. Алмас Әбдіғалпұрлының тәжірибесіне сүйеніп, халықтың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыруда аянбай еңбек етеді деп сенім арттамыз, — деді Н.Нәлібаев.

## БІЛІМДІ БАҚЫЛАЙДЫ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты мәжілісте Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Бекмағанбетов Мәди Бауыржанұлы таныстырылды.

Мәди Бекмағанбетов еңбек жолын білім беру ұйымдарында бастаған. Әр жылдары облыстық ішкі саясат басқармасында маман, облыстық білім басқармасының бөлім басшысы лауазымдарында қызмет атқарған.

2020-2023 жылдар аралығында облыс әкімі аппаратында ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, бөлім басшысы болған. 2023 жылдан бүгінге дейін облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарып келеді.



Нұрлыбек Машбекұлы жаңа басшыға игі тілегін білдіріп, саладағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру, білім сапасын арттыруға бағытталған жұмысты жүйелі қажеттігін атап өтті.

— Білім сапасын әділ бағалаудың тәуелсіз тетіктерін енгізуде, жүйенің ашықтығы мен қоғамдық сенімді нығайтуда кешенді шаралар қабылдау қажет. Білім беру, әсіресе жекеменшік білім беру ұйымдарының біліктілік талаптарына сәйкестігіне қатаң бақылау орнатуды тапсырамын, — деді аймақ басшысы.

## "ҚЫЗЫЛОРДА – АҚТӨБЕ" ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ БОЛАДЫ



Президентіміз «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы, көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт», — деген болатын. Осы мақсатта өңірімізде белсенді жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің ерекше қолдауымен

2022-2025 жылдары аймағымыздағы 1 600 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті. Биыл да жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 56 жобаға бюджеттен 37 млрд. 845 млн. теңге қаралған. Бұл қаржыға 136 шақырым жол мен көпір өткелдері жөндеуден өтеді.

Өздеріңізбен бірге аймағымыз үшін маңызы зор жобалардың бірі Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолды төрт жолақты кеңейтудің бірінші кезеңін бастаймыз.

Құрылысы басталғалы тұрған автожол өңірдің өркендеуіне, халық игілігіне қызмет ететін маңызды көлік дәлізіне айналысып Жүргізушілер мен жолаушыларға арнайы ақ жол, сәт сапар тілейміз», — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Дархан Серікұлы, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Жұмашұлы ізі тілегін жеткізді.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 10 қазанда Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келгенде Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі автомобиль жолын төрт жолақтыға ауыстырудың жобалау жұмыстарын жедел бастауды тапсырған болатын.

Осы жұмысты қысқа мерзімде аяқтау үшін демеушілер есебінен 350 млн. теңгеге техника-экономикалық негіздеме әзірленді, 487 шақырым жолға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Жалпы жоба 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі – 26 шақырымдық Қызылорда қаласының айналма жолын салу. Екінші кезеңі – Қызылорда қаласынан басталып Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының сыртымен айналып өтіп, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне қосылатын 462 шақырым жол.

Автодәліз бойына жаңадан 11 көпір, 13 жол өткелі, 62 үй жануарларына арналған өткел мен 399 су өткізгіш құбыр салынады. Жолаушылар мен жүргізушілерге арналған заманауи сервистік қызмет көрсететін пункттер бой көтеріп, шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік туады.

Автожолдың ІІ санаттан І санатқа ауысуы көлік қатынасын едәуір жеңілдетіп, жүк тасымалының тиімділігін арттырады.

## ЖЫР АЛЫПТАРЫ МҰРАГЕРІНІҢ «ЖЫР КЕРУЕНІ»

Қызылордадағы «Өнер орталығында» Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, жырау Алмасбек Алматовтың 70 жас мерейтойына арналған «Жыр керуені» атты шығармашылық кеш өтті.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, жазушы, тарихшы-этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қойшығара Салғараұлы, Халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, Алмасбек Нұрмаханұлының үзеңгілес өріптестері мен елімізге белгілі шәкірттері, жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы мерейтой иесінің төл өнерді өркендетуге қосқан үлесін атап өтіп, барша Сыр жұртшылығының атынан сый-құрмет көрсетіп, автокөлік кілтін тарту етті.

Сондай-ақ кеште Жанарбек Әшімжан өнер қайраткеріне Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын табыстады.

— «Сыр өңірі – талай марғасқа жыраулар мен тума таланттарды өмірге әкелген, жыраулық өнердің түп қазығы, алтын көмбесі, алып тайқазаны саналатын құтты мекен.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші қорытынды отырысында «Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі», — деп ерекше атап өткен болатын.

Сыр бойындағы жыраулық өнердің көрнекті өкілі, Сыр сүлейлерінің ізін жалғаушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, зерттеуші-ғалым, «Парасат», үшінші дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы Алмасбек Нұрмаханұлы Алматов мерейлі 70 жасқа толды.

Алмасбек Нұрмаханұлы — дәуір көшінде дара із қалдырған жыр алыптарының мұрагері, Сыр өңіріне ғана тән жыраулық дәстүрдің сабақтастығына айрықша еңбек сіңірген өнер қайраткері. Ағамыз жастайынан қолына домбыра алып «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» сияқты елге кең тараған дастандарды жырлап, «жас жыршы» атанды. «Сыр сұлуы» ансамблі құрамынан басталған шығармашылық жолы белгілі жырау, ұлағатты ұстаз, өнер зерттеушісі, ғалым, қоғам қайраткері ретінде биік белестерге шығарды.

Егемендік алған жылдар ішінде ұлттық өнердің бұл түріне ерекше көзқарас қалыптасып, ата-бабаларымыздың асыл қазынасы жарқырай түсті. Алдағы уақытта да ұлттық өнеріміздің шамшырағы болып, келер ұрпаққа рухани мұра сыйлай беріңіз», — деді Н.Нәлібаев.

Өнер кешінде айтыскер ақын Мұхтар Ниязов мерейтой иесіне арнау айтып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Елмұра Жаңабегенова, Айгүл Елшібаева



және басқа да ақын-жыршылар өнер көрсетті. Жыраудың өзі «Жыр бастауын» орындады.

Алмасбек Алматов Сыр бойында мақам-саз ерекшеліктеріне қарай жыраулық мектептердің қалыптасуына, атадан балаға мирас болған төл өнерімізді жаңа дәуірге жеткізуге ерен еңбек сіңірді. Жыраулық өнер академиялық білім беру жүйесіне енгізіліп, «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы ашылды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы, Қазақ ұлттық өнер университетіндегі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі кафедраларда жыршы-жыраулар кәсіби тұрғыда қалыптасты. Дәстүрлі жыр орындаушыларды маман етіп даарлау арқылы өткеннің өзегін бүгін мен ертеңге жалғап, жүздеген шәкірт тәрбиелеп, өнер аламына қосты. Бүгінде мерейтой иесі тәрбиелеген шәкірттер халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанып, еліміздің әр өңірінде жыраулық дәстүрдің алтын арқауын жалғастырып келеді.

Айта кету керек, Алмасбек Алматовтың 70 жас мерейтойы аясында Қорқыт ата атындағы университеттің Студенттер сарайында V томдық таңдамалы шығармаларының тұсаукесер рәсімі, Қармақшы ауданында «Асыл жырдың Алмасы» атты республикалық жыршы-жыраулар фестивалі өтуде.

## МҰЗДАН ТАЗАРУДА

Қызылорда облысы аумағында су тасқынына негізгі әсер етуші Сырдария өзені болып табылады. Облыс аумағындағы Сырдария өзені бойында стратегиялық маңызы бар Қызылорда, Айтек, Қазалы және Ақлак су тораптары орналасқан.

Бүгінгі күні Қызылорда облысы аумағына (шекарасына) Сырдария өзені арқылы 150 м³/сек су келуде. Қызылорда су торабынан 150 м³/сек, Айтек су торабынан 110 м³/сек және Қараөзек арнасының бас сағасындағы су тастау құрылысынан 30 м³/сек су көлемі жіберіледі. Сонымен қатар

Қазалы су торабынан 95 м³/сек, Ақлак су торабынан 70 м³/сек Кіші Арал теңізіне су тасталауда.

Облыс аумағында ақпан айының аяғы мен наурыз айының басында ауа райының жылынуынан Сырдария өзенінің оңтүстік және орталық бөлігі мұздан толық тазарды. Қармақшы ауданы Жосалы кентінен төмен 73 шақырым жердегі «Қызылжар» учаскесінен төмен қалыптасқан. Мұздың орташа қалыңдығы Қазалы және Арал аудандары аумағында 5-18 сантиметр аралығын құрайды.

Ауа райының жылынуынан Қызылорда қаласы және Сырдария аудандары тұсында өзеннің мұздан толық тазаруына сәйкес 22-ші ақпанынан бастап Қызылорда су торабы мен Айтек су тораптары реттеліп, Жаңадария, Жаңадарық, Қызылорда Оң жаға МК және Сауранбай каналдарына көлдер жүйелері мен шабындық жайылымдықтарды суландыруға су жіберіледі.

Қазалы және Ақлак су тораптары аумағындағы Сырдария өзені мұздан толық тазаруына сәйкес транзиттік режимде жұмыс жасауда. Сонымен қатар бүгінгі күні Филиал тарапынан Қазалы су торабына мұз жүру кезінде су торабында кептелістің алдын алу мақсатында арнайы Драглайн техникасы мұз жару құрылғысымен кезекшілікке қойылды.

Наурыздың 10-да Шардара су қоймасының жоспарлы көлемге дейін (5 009,0 млн.м³) жетуіне орай, Көкбұлақ су бекетінде су көлемінің ұлғаюына сәйкес Шардара су қоймасының жұмыс режиміне өзгерістер енгізіліп, Сырдария өзенінің төменгі ағысына жіберілетін су көлемі ұлғаюда.

Осыған сәйкес Сырдария өзені арқылы келетін су көлемін тиімді пайдалану мақсатында каналдармен су алу кестесі әзірленіп, суару науқанына дейін көлдер жүйелері мен шабындық жайылымдықтарды толтырып алу бойынша жұмыс жүргізіледі.

Сырдария өзені арқылы келетін мол су көлемі жету мерзімінде сәйкес Қызылорда су торабына 12-13 тәулік, Қазалы су торабына 21-22 тәулік уақыт құрайтындықтан, су тасқынына әсері болмайды.

Сонымен қатар Жаңақорған ауданы аумағында республикалық меншіктегі Жиделі және Бесарық су қоймалары орналасқан. Аталған су қоймаларының негізгі су көзі тауға түсетін жауын-шашын мен қар ерітінділері. Бүгінгі күні Жиделі су қоймасына жобалық сыйымдылығы 8,7 млн.м³ көлеміне (2025 жылы – 6,97 млн.м³) жетіп ағымдағы жылдың 10 наурызынан бастап транзиттік режимге ауыстырылды.

Сондай-ақ Бесарық су қоймасының жобалық сыйымдылығы 15,0 млн.м³ құра-са, бүгінгі күні нақты жинақталғаны 10,02 млн.м³ (2025 жылы – 5,4 млн.м³) немесе 67% құрап отыр.

Бүгінгі ахуалға сәйкес аталған су қоймаларының су деңгейіне күнделікті мониторинг жүргізіліп, бақылауға алынған.

**А.ӘЛБЕКҰЛЫ**  
«Қазушар» Қызылорда облысы филиал басшысының орынбасары

### Арал-Сырдария бассейндік инспекция басшысы С.ӘБУҰЛЫ:

Шардара су қоймасынан жоғары Токтағұл, Әндіжан, Бахри-Точик, Шарбақ су қоймалары орналасқан. 4 су қоймаларының жалпы жобалық су жинау көлемі 26,6 млрд. м³, қазіргі таңда жиналғаны 12,4 млрд.м³ (47%), 2025 жылы 13,7 млрд.м³ болып, өткен жылмен салыстырғанда 1,3 млрд.м³ кем.

Шардара су қоймасына 2025 жылы 4669 млн.м³ болса, биыл 5009 млн.м³, Көксарай су реттегішіне 2025 жылы 1189,33млн.м³ болса, биыл 1543,37 млн.м³ су жинақталған. Шардара су қоймасына 2025 жылы 842,9м³/сек болса, биыл 1176,4 м³/сек түсіп, су қоймасынан Сырдария өзенімен 2025 жылы 500 м³/сек су жіберілсе, биыл 600 м³/сек, одан 150м³/сек Көксарай су реттегішіне қабылдап, 150 м³/сек өзеннің төменгі ағысына жіберіледі.

Арнасай ойпатына 2025 жылы 1597,26 млн.м³ болса, биыл 0м³/сек, Қызылқұм каналына 2025 жылы 15 м³/сек болса, биыл 5м³/сек, Арыс өзенімен Сырдария өзеніне түсіп жатқан су көлемі 2025 жылы 40,5 м³/сек болса, биыл 58,4 м³/сек болды.

Көктөбе су бекеті арқылы Сырдария өзенімен 2025 жылы 378м³/сек болса, биыл 178 м³/сек су өтіп, Қызылорда су торабына дейін орналасқан каналдармен 2025 жылы 17,0 м³/сек болса, биыл 18,0 м³/сек су қабылдап, Қызылорда су торабынан 2025 жылы 380 м³/сек болса, биыл 150 м³/сек су көлемі өтуде.

Әйтек су торабынан өзеннің төменгі ағысына жіберілген су көлемі 2025 жылы 266 м³/сек болса, биыл 110 м³/сек болды.

Қараөзек арнасымен жіберіліп жатқан су көлемі 2025 жылы 110 м³/сек болса, биыл 30 м³/сек болды.

Қазалы су торабынан өзеннің төменгі ағысына жіберілген су көлемі 2025 жылы 280 м³/сек болса, биыл 95 м³/сек болды.

Қазалы су торабына дейін каналдармен алынып жатқан су көлемі 2025 жылы 28,5 м³/сек болса, биыл 3 м³/сек болды.

Ақлак су торабы арқылы Солтүстік Арал теңізіне 2025 жылы 160 м³/сек болса, биыл 70 м³/сек су түсуде, жыл басынан осы уақытқа дейін 2025 жылы 791 м³/сек болса, биыл 301 млн.м³ су түсті, су деңгейі 40,80 мБЖ құрайды.

Облыс аумағында 6 су қоймасы бар. Бесарық, Жиделі, Көктоған, Қыраш, Манан, Құмсай су қоймаларының жалпы жобалық су жинау көлемі - 34,7млн.м³, қазіргі таңда жиналғаны 23,20млн.м³ (67%).

Бесарық су қоймасының сыйымдылығы 15,0 млн.м³, жинақталған су көлемі 10,02 млн.м³ (60%), келіп жатқан су көлемі 1,5 м³/с, төменге тасталып жатқан су - 0,13 м³/с;

Жиделі су қоймасының сыйымдылығы 9,0 млн.м³, жинақталған су көлемі 8,7 млн.м³ (97%), келіп жатқан су көлемі 4,20 м³/с, төменге тасталып жатқан су - 4,2 м³/с;

Қыраш су қоймасының сыйымдылығы 2,6 млн.м³, жинақталған су көлемі 1,557 млн.м³, (60%), келіп жатқан су көлемі 0,3 м³/с, төменге тасталып жатқан жоқ;


Көктоған қоймасының сыйымдылығы 4 млн.м³, жинақталған су көлемі 2,921 млн.м³, (73%), келіп жатқан су көлемі 0м³/с, төменге тасталып жатқан су - 0,2 м³/с;

Манан, Құмсай су қоймаларына су түсініп жатқан жоқ.

Қазіргі таңда Қызылорда су торабынан 365 шақырым төмен Жосалы кентінен 73 км төмен Қызылжар учаскесі тұсында Сырдария өзенінде сең жүруде.

Облыс аумағында су шаруашылығы жағдайы тұрақты.

Кітапхана



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

# ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

2020 жылғы ақпанның 7-8-і күндері Жамбыл облысындағы Қордай ауданының 4-5 елді мекенін кең қанат алып шарпыған қақтығыстар орын алды. Билік ресми түрде оған «тұрмыстық жанжал» деген анықтама беріп қойғанымен қатысушылары екі лагерге бөлініп алып, бір-бірімен шайқасқан төбелестің төркінінде ұлтаралық кикілжіңнің де реңкі бар екені анық еді.

Көптеген сарапшылар мен құқық қорғаушылар бұл оқиғаларды енді екі жылға жуық уақыттан кейін бұрқ ете қалатын Қаңтар қырғынының алдында әлдебір күштер саналы түрде ұйымдастырған «жаттығу жиыны», «репетиция» деп бағалап жүр. Шынында оқиғаның көптеген ерекшеліктері мен сипаттары кейде сондай әсер қалдыратын секілді болып көрініп кетеді.

Енді жергілікті қазақтар мен дүнгендердің арасында «жан алып, жан берісетін» халде өткен тегеурінді текетіретің қалай басталғанына келейік. Әуелі Қордай деген 144 мыңға жуық адамы бар іргелі аудан халқының 49,62 пайызын қазақтар, 35,81 пайызын дүнгендер құрайтынын айтып өтейік. Демек, өңірдегі ең көп санды ұлттар осы екеуі. Ендеше, бұларды бір-бірілеріне қарсы айдап салып, қырылыстырып қоюға себептер табу тым қиынға түспейді. Бұған қоса мұндай қырғи қабақ қозғалысты қолында үлкен елеулеті күші бар құрылымдар мен топтар ғана ұйымдастыра алады.

Ал Қордайда қапыл қақтығысқа бірімен бірінің тікелей түп байланысы жоқ. Бірақ этникалық негізге құрылған бір ғана астары бар екі оқиға жемтікті желеу болды. Олардың біріншісі 5 ақпан күні таңертең дүнгендер жайлаған «Сортөбе» деген ауылда тіркелді. Сол елді мекеннің көшесімен «Қаракөмер» ауылында тұратын 77 жастағы Төлеген Құдашбаев деген ақсақалды ұлдары Нұрлан мен Марлен Құдашбаевтар осы ауылдағы аурухананың офтальмолог дәрігеріне апара жатады. Елді мекеннің кіреберісінде бір жігіт бұлардың жеңіл көлігінің алдынан жедел шығып тоқтатып, жолдың аргы бетіндегі үйден жүк машинасын шығару керек екенін айтады. «Мен тоқтадым. Ол мені балағаттап, көліктің нөмірін біртүп, - дейді кейін рульдегі Нұрлан «Азаттыққа» берген жауабында. - Көліктен түскенім сол еді, өлгі үйден шыққан бірнеше адам, - біреуінің қолында темір зат болды, маған жабыла кетті. Көліктен шығып, көмекке ұмтылған інімді таспен ұрып, басын жарды. Әкем де көліктен түскен еді, оны теуіп құлатып, сабады. Содан «жедел жәрдем», полиция келді. Әкемді ауруханаға әкетті. Әкемнің жамбасы сынып, бауырым екеуі ауруханаға түсті. Тағы төрт күн өткеннен кейін, 9 ақпанда II топтағы мүгедек Төлеген ақсақал Алматыға ұшақпен жеткізіліп, жамбасына ота жасалады.

Екінші инцидент 7 ақпан күні түстен кейін «Масанчи» ауылынан бастау алған. Онда жол полицейлері Сортөбеде тұратын жас дүнген жігіті айдап келе жатқан Honda Odyssey жеңіл көлігін нөмірі стандартқа сәйкес келмейтіні үшін тоқтатқан. Құжаттарды тексеру кезінде тәртіп сақшылары одан бұдан басқа да заң бұзушылықтар барын анықтайды. Олар сосын жүргізушіге өздерінің соңынан еріп, бөлімшеге қарай жүруді бұйырған. Бірақ айдаушы бұл талапты құлағына да қыстырмай, көрші ауылдағы өз үйінің ауласына қашып кірген. Ал оның соңынан қуып барған патрульге өлгі жігіттің өзі мен екі ағасы қайратты қарсылық көрсетіп, аямай соғып тастаған, сондай-ақ қызметтік көліктеріне едәуір зақым келтірген.

Араларына екі күн салып өткен бұл екі оқиға сол күні-ақ мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы елге кеңінен тарай бастайды. Олар сондай-ақ біртүтас негіздегі оқиғалар ретінде ұсынылады. Сонымен бірге ұлтшылдық сипаттағы шақыруларға ерік беріледі. Сол сияқты бірінші төбелесте жамбасы сынған қарияның соңынан қайтыс болып кеткені жайлы жалған ақпарат естіледі. Кейінірек Ішкі істер вице-министрі Алексей Калайчиди журналистердің осы мәселеге байланысты қойған сұрақтарына жауап бере келіп, арандатушылық мазмұнындағы хабарлама таратқандардың республиканың әр қиырын мекен ететіндерін, бірақ солардың біразы жағдайды ұшықтыра түсуге ұлес қосуды өз борыштары санап отырғандарын айтты.

Сол күні кешкі сағат 19:00 кезінде «Масанчи»

## ҚОРДАЙДАҒЫ ҚАПЫЛ ҚАҚПАҚЫЛ

ауылының маңында екі жақтан 70-ке жуық адам қатысқан жаппай төбелес басталып кетеді. Бірақ арада көп уақыт өтпей, өз үйлерінің жанына жиналған саны көп дүнгендерге бұдан әрі өлдері жетпейтіндерін білгенін қазақтар шайқас алаңынан кетіп қалады. Арада екі сағаттай уақыт өткесін, қараларын көбейтіп, қатары мың адамнан асып түсетін топқа айналған қазақтар сол жерге қайта оралады да, ауылдың шетінен түре шапқыншылық жасап, жолай бәрін түгел қиратуға кіріседі. Оларға дүнгендер жағының 300-дей адамы асай-мүсейлерін ұстап, қарсы шығады. Осы аралықта аудан әкімдігінің басшылары, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы және дүнген қауымының жетекшілері келіп, екі тараптан жиналған көпшілікті тыныштандыруға күш салып бағады, бірақ қалың топ бұған тоқтай қоймайды. Артынша сол жақтан атылған мылтық даусы шығады, нәтижесінде бір дүнген оқиға орнында қаза тауып, екеуі жараланады. Бұдан кейін шабуылдаушылар қашқан тұрғындардың соңынан «Масанчи» ауылына қарай беттейді. Куәгерлердің айтуынша, олардың алдында қорғаныс қалқандары бар жүк машиналары жүріп келе жатқан, біреулер сол көліктерден дүнгендерге оқ жаудырып, тас лақтырған. Бұлардың ізіне бүлікшілер мен тонаушылар мініп келген жеңіл көліктер ілескен. Ал

орын алған топтық төбелеске қатысты пікір білдіріп, мұны өз мақсаттарына пайдаланбақшы болған арандатушыларды айыптады. «Жамбыл облысы Қордай ауданында бұзақылық сипаттағы жаппай төбелес орын алды. Оны арандатушылар өз пайдасына қолданбақ болған. Полиция жағдайды реттеп, өз бақылауын орнатты. Қоғамдық тәртіпті бұзғандар жауапкершілікке тартылады», - деп жазды ол. Бірақ қақтығыстың артында кімдердің тұрғанын, арандатушылардың кімдер екенін ашып айтпады. Сол сияқты «Сортөбе» мен «Масанчидегі» жұдырықсілтестердің де бір-бірлеріне қаншалықты қатысы бар екені белгісіз күйінде қалды.

Дәл сол сәтте дүнген ауылдарында интернет шектеліп, мессенджерлер бұғатқа түсіп, «Масанчиде» ұялы байланыс пен электр желісі ажыратылды. Сондықтан Мемлекет басшысы мен Парламент депутатын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы интернеті жұмыс істеп тұрған Қырғызстандағы дүнгендер өкілдерімен тілдесуге әрекет етіп жатты. Бүліншілік кезінде жарақат алған дүнген қауымдастығының төрағасы Хусей Дауров сол уақытта ҚазТАГ-тың тілшілеріне хабарласып, қандастары тұратын ауылдардағы қиратулардың өлі де жалғасын жатқанын, ресми ақпараттағы мәліметтің мұндағы шындықпен толық сәйкес келе бермейтінін атап өтті. Тек

әлі де анықтай түсеміз, дегенмен осының өзі бұл әрекеттің күні бұрын әзірліктері болғанын көрсетеді», - деді ол.

Қордай ауданына келген Бердібек Сапарбаев әуелі ауруханаға барып, қақтығыста зардап шеккендердің жағдайларын білді. Оқыс оқиғадан кейін барлығы 127 адам медициналық көмекке жүгінген, олардың 84-і тексеруден өткесін үйлеріне қайтарылды. Сол сияқты Қырғызстандағы ауруханалардан көмек сұраған кісілер де кездесті. Олар шамасы сонда қашып барғандардың қатарынан болса керек.

Бұдан кейін Премьер-Министрдің орынбасары аудан ақсақалдарымен арнайы кездесті. Оның барысында «Сортөбе» ауылының тұрғыны Арли Мусаров жанжалға тұрмыстық кикілжіңнің себеп болғанын алға тартып, қазір жағдайдың біршама қалыпқа келіп қалғанын айтты. «Өйткенмен ендігі тергеу мен тексеру жұмыстарының барлығы заңға сәйкес, құқықтық алаң шеңберінде жүргізілуін сұраймыз», - деді ол. Мұның бәріннің ескерілетінін қадап айтқан Бердібек Сапарбаев бұдан әрі дүрбелеңнің дүркірі шарықтап тұрған кезде қырғыз еліне асып кеткендерді қып қайтару керектігін тәкірледі. Сондай-ақ бүліншілік салдарынан қирап қалған үйлер мен мүкәммалдардың шығындарын өтеу мен қалпына келтіру үдерісінің бұдан

### I-тарау

## ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

тұрғын үйлер мен әртүрлі әлеуметтік нысандарға от қоюшылар соңынан жеткен.

Ішкі істер министрінің орынбасары Алексей Калайчиди әлеуметтік желілерде деструктивті әрекеттерге шақыратын хабарламалар тарағанын кейін қақтығыстың ауқымы өсе түскенін өңгімеледі. Нәтижесінде жаппай төбелеске 1000-ға жуық адам қатысқан.

Қақтығыс сондай-ақ негізінен дүнген ұлтының өкілдері тұратын «Сортөбе», «Ауқатты», «Бұлан батыр» ауылдарын да шарпып өтеді. Онда араздасушы тараптар темір заттарды, тастар мен атыс қаруларын, жанғыш қоймалжың майы бар бөтелкелер қолданып, полиция қызметкерлеріне қарсылық көрсетті. Құқық қорғаушылар өз тарапынан сол бойда елді мекендердің периметрі бойынша жолдарға бақылау бекеттерін қойды. Тәртіпсіздік жасауға қатысушылар үйлерді, дүкендерді, әкімшілік ғимараттарын, көліктерді өртеп жіберді. Өртенген үйлердің тұрғындары шекара бойлай қатар жатқан қырғыз жеріне қарай бас сауғалап босқан. Осы тұста Қырғызстанның шекара қызметі Қордай ауданындағы жағдайға байланысты күшейтілген жұмыс режиміне көшті.

Ал шекара бойындағы 14 мың тұрғыны бар «Сортөбе» мен 13 мың адам тұратын «Масанчи» ауданындағы халқы саны ең көп ірі елді мекендер болатын. Құқық қорғаушылардың мәліметінше, дүнгендер ауылдарының ішінде тек «Сортөбе» ғана шабуылға дайын екенін танытып, шабуылдаушылар тобына қарсы тұра алған. Осы жерде екі жақтың атыс қаруларын қолдану арқылы жүргізіген соңғы кездері ең ауқымды шайқасуы орын алған.

Оқиға орнына жеткен полицейлер мен арнайы жедел әрекет ету тобы (СОБР) буырықанып көтеріліп жатқан қақтығыстың тез алдын алып, жойқын жосқынға тосқауыл қоюға асықпайды. Оның үстіне, қарқынды қимылдарға азаматтық киім киген және формациямен жүрген сақшылар сарбаздары белсене қатысқаны да айтылып қалды. Тек күн байып батудың сәл алдында полиция мен жергілікті жұрт шабуылдаушылар тобын «Масанчи» ауылы аумағынан ығыстырып шығарып, қирандыға айналған, отқа оранып, түтінге тұншығып жатқан қонысты өз қорғауларына алды.

«Масанчидегі» бүліншіліктен кейін қандары қызған шабуылдаушылардың бір бөлігі тас жолдың бойымен өрлеп, ұйымдасқан түрде Қордайға қарай бет түзеді, оларға жолай Шымкент, Алматы және Тараз секілді қалалардан келген бүлікшілердің жаңа лектері дүркін-дүркін қосылып жатты. Олар түн ішінде кері қайтып келгенін тұрғындары тым-тырақай қашып кеткен «Бұлар батыр» ауылының тоз-тозын шығарып, тонауға ұшыратты. Осы уақытта дүнгендердің басым бөлігі мекендерін тастап, өздерінің аман қалуларына мүмкіндік беретін пана ретінде көрші қырғыз елінің ала жалақ белдеуіне барып тоқтайды. Бірақ шекарашылар енді таң атқанша, жолдың екі жағы да жабық тұратынын айтып, оларды ішке өткізбейді.

Арнайы мақсаттағы жылжымалы жасақ (ОМОН) және ұлттық гвардия әскерлері қақтығыс басталғасын 13 сағаттан аса уақыт өткеннен кейін ғана оқиға орнына келген кезде негізгі қиратулар мен текетірестер аяқталып қойған еді. Сол күні Қордай ауданында төтенше жағдай жарияланып, барлық ауылдардың кіреберісі мен шығатын жерлерінде бақылау-өткізу бекеттері орнатылды. Ол Жамбыл облысының әкімі Асқар Мырзахметовтің шешімімен жүзеге асты. Шешімде 8 ақпанда сағат 21:00-ден бастап жергілікті ауқымдағы техногендік сипатта төтенше жағдай жарияланатынын атап көрсетілген.

Қордай өңірінде орын алған оқыс оқиғалар жөніндегі алғашқы ресми ақпарат 7 ақпан күні кешке, қақтығыс қозғалыстары барынша қызып, шегіне жетіп тұрған кезде пайда болды. Онда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter желісінде ауданда

осыдан кейін ғана жергілікті билік өкілдері Жамбыл облысының әкімі мен Алматыдан ресми тұлғалардың келе жатқанын хабарлады. Тек осыдан соң «Масанчиден» бүлікшілер тобы қуып шығарылып, дүнгендерді қорғау жөнінде іс қимыл қолға алынды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 ақпан, сенбі күні таңертең Қордай ауданындағы оқиғаның салдарына жою жөнінде Үкімет комиссиясын құруды тапсырып, оған төраға етіп Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаевты белгіледі. «Үкімет комиссиясы Жамбыл облысының әкімімен бірге қаза тапқандарды жерлеуді ұйымдастырып, келтірілген шығын көлемін анықтап, зардап шеккендердің мәншілдерін қалпына келтіру жоспарын қабылдауы керек. Қаза болғандар мен жараланғандардың барлығын отбасыларына қажетті көмек көрсетілуі тиіс. Қазір жұртты тыныштандырудың маңызы зор. Бұл жұмысқа Қазақстан халқы ассамблеясы, сондай-ақ жергілікті жердегі беделді кісілер жұмылдырылатын болады», - деді Президент.

Күннің демалыс болғанына қарамастан Орталық коммуникациялар қызметінде Жамбыл облысындағы жағдайға байланысты жедел баспасөз мәслихаты өтті. Онда Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Қордайдағы қақтығыстар барысында 8 кісінің қаза тауып, 40-тан аса адамның жарақат алып қалғандарын баяндады. «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы қызметтік міндеттерін орындау кезінде полиция қызметкерлері түрлі зиян шекті, олардың ішінде екеуі оқ жарақатын алды. Өрт қоюмен қатарласа жүрген бұзақылық әрекеттердің салдарынан 30-дан астам жеке тұрғын үй, 15 сауда нысаны, 23 автокөлік бүліншілікке ұшырады. Осыған байланысты 47 адам ұсталды, олардан екі аңшы мылтығы тәркіленді», - деді ол.

Министр сондай-ақ Қылмыстық кодекстің «Жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастыру және оған қатысу» дегенді алға тартатын 272-бабы мен «Кісі өлтіру» деп аталатын 99-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстары қолға алынып жатқанын мағлұм етті. Жұртты тәртіпсіздікке шақыру үдерісінің әлі тоқтамай тұрғанына орай Алматының Солтүстік айналма ауданындағы көр-жер базарлары жабылды. Мұны таңертең Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев хабарлады. Қаланың көтерме сауда мекемелерінде санитарлық күн режимі жарияланды. Сол күні Бердібек Сапарбаев бастаған үкіметтік комиссия мүшелері Қордай ауданына жетіп үлгерді.

Түсәуа «Масанчи», «Қаракөмер» ауылдарының арасындағы жолға 200-ге жуық адам жиналып, ұсталғандарды босатуы талап етті. Сол мезет арнайы жасақ қызметкерлері трассаны жауып, көлік қозғалысын тоқтатып тастады. Сол кезде төбелеске қатысқан 47 адамның қолға түскендері жария етілді. Ал бірнеше сағаттан соң билік олардың 44-і уақытша ұстау оқшаулағышынан шығарылғанын хабарлағанын, жиналған жұрттың жамағаты тарқап кетті.

Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері кешке барлық аймақтарда түсіндіру жұмыстарын бастады. «Ассамблея мүшелері қылмыста ұлттық реңк болмайды деп есептейді, ал кінәлілердің бәрі жедел анықталып, заңға сәйкес тиісті жазаларын алуы керек деген ортақ пікірді білдіреді» - делінген ҚХА мәлімдемесінде. Дүнген қоғамының басшысы Абубакир Войнецке болған оқиғаға қатысты өз ойын ортаға салып, «Масанчи» ауылындағы төбелестің алдын ала жоспарланып жасалғанын жеткізді. Айтуынша, бұл ауылдарда бұған дейін де бірнеше рет осындай этникалық сипаттағы қақтығыстар көрініс берген, бірақ олардың ешбірі ешқашан мұндай қантөгіске дейін барған емес. «Оларда аз уақыттың ішінде мұншама көп адам жиналған жоқ. Шынында қамсыз отырған жұрт бұлай қысқа мерзімде дайындалып шыға алмас еді. Біз мұны

бұрынғы жылдары орын алған Арыстағы тосын жарылыстардан зардап шеккендерге көрсетілген көмектер күйтіндей болатынына уәде берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ақпанның 9-ы күні таңертең аудандағы ахуалдың тұрақтанғанын мәлімдеді. Сонымен бірге, тәртіпсіздіктер тоқтағаннан кейін тағы екі адамның жантөсілім еткені аян болды. Сол күні түс ауа Орталық коммуникациялар қызметінде кезекті баспасөз мәслихаты өтті. Онда Ішкі істер министрінің орынбасары Алексей Калайчиди жанжалдың басы 5 ақпан күні жол бойында орын алған полицейлерді соққыға жыққанын арна тартып кеткенін сөз етті. «Медициналық көмекке барлығы 165 адам жүгінді. Олардың 140-ы Қазақстанның медициналық мекемелеріне қаралса, 25-і Қырғызстан асты», - деп хабарлады Денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Ақтаева. Қақтығыстың зардабынан 50 адам ауруханаға жатқызылды, 30 пациенттің жағдайы тұрақты ауыр, ал 8-нің сипаты өте ауыр. Зардап шеккендер арасында 5 полиция қызметкері бар, олардың үшеуіне оқ атылған.

Үкімет комиссиясы Қордай ауданындағы барлық ауылдарды аралап, шекарадағы өткізу бекеттеріне аялдады. Сол уақытта «Қарасу» бақылау-өткізу бекетінде адам болмаған «Ауқатты» бекетінде қырғыздан қайтқан азаматтар кезекке тұрған. Күні кеше көрші ел асып кеткендер сол күні үйлеріне орала бастайды. Қырғызстан шекара қызметінің хабарлауынша, демалыс күндері ел аумағына 4,5 мыңға жуық Қазақстан азаматы, негізінен дүнгендер өткен. Оларды алдын ала хабарланған туыстары күтіп алған.

Қазақстан Президенті 10 ақпан күні таңертең Жамбыл облысындағы жағдайларға байланысты нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысы Қордай ауданының ауылдарында адам өліміне, әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлердің қиратылуына, азаматтар мүліктерінің бүліншілікке ұшырауларына апарып жеткізген оқиғаларға байланысты Жамбыл облысының әкімі Асқар Мырзахметовке облыс әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Сұлұшаш Құрманбекова мен Қордай ауданының әкімі Болатбек Байтөлінің жұмыста жіберген нақты елеулі кемшіліктері үшін қызметтерінен босатуы тапсырды. Президент сондай-ақ Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің бастығы Арман Оразөліевті, Қордай аудандық Ішкі істер бөлімінің бастығы Азамат Айқымовті орындарынан алуға нұсқау берді.

Сол мезгілде Бердібек Сапарбаев «Әлжан ана» (бұрынғы - Қасық) елді мекеніне ат басын тіреп, жосын жорық кезінде кездейсоқ қазаға ұшыраған 25 жастағы Дархан Әбдірахимның отбасына көңіл айтып шықты. Ол кінәлілер табылып, заң бойынша жазаланатынына сендірді. Жас жігіт біреуден жалға алған жеңіл көлігімен кісі тасып, отбасын асырап жүріпті. Өкесі оның сол түні сағат 00:00 кезінде телефонмен хабарласып, Алматыдан Қордайға жолдаушы өкеп тастағанын енді жарты сағатта үйде болатынын айтқанын жеткізді. Бірақ бұдан әрі хабарсыз қалып, шаңыраққа орала алмаған жігіттің сау-тамтығы қалмаған келігі ертеңіне «Ауқатты» ауылындағы жанармай бекетінің жанынан табылған. «Мен ұлымның сүйегін мәйітханадан таптым. Өзі бір түйір балам еді, артында екі қыз, бір ұлы қалды. Және үшінші топтағы мүгедек болатын», - деді марқұмның әкесі Асқарбай Якубов келгендерге.

Кейін анықталғандай, Дархан Әбдірахимнің көлігі тұрған жанармай бекетінің күзетшісі Жәнет Байболатов сол жерде түнде болған оқиға жайын «Азаттық» тілшісіне баяндап береді. Оның айтуынша, алдыңғы және артқы терезелері сынған, бүйірі майысқан жеңіл автокөлік жанармай бекетіне өте қатты жылдамдықпен келіп, ғимараттың бұрышына соғылған. Күзетші касса бөлмесіне кіріп, жарықты сөндіріп, есікті жауып, тығылып үлгерген. Ол бір кезде көліктен бір кісінің түсе сала қашқанын, оны бір топ адамның қуалап кеткенін, артынша атылған мылтықтың даусы естілгенін айтты. Арада біраз уақыт өткесін осы жерге келген полицияның арнайы тобы күзетшіні жанармай бекетінен алып шыққан кезде ол қанға бөгіп өліп жатқан адамды көрген.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

## КЕҢЕЙТІЛГЕН ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КӨМЕКТИҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы күшіне енді. Негізгі жаңашылдықтардың бірі – халық үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және көлемін кеңейтуге бағытталған Бірыңғай медициналық көмек пакетін қалыптастыру болды.

Бірыңғай пакет аясында әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша консультативтік-диагностикалық көмектің қалай көрсетілетінін таныстыру мақсатында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы өңірдегі медициналық ұйымдарға баспасөз турың ұйымдастырды.

Алғашқы нысан – №3 қалалық емхана. 2025 жылы мұнда құны 79,1 млн. теңгені құрайтын AR-Маммо цифрлық маммографы орнатылды. Бұл сүт безі ауруларын жоғары дәлдікпен скринингтен өткізуге және диагностикалауға арналған заманауи модульдік жүйе. Құрылғы кисталар, фиброаденомалар және қатерлі ісіктерді қоса алғанда, патологияларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Аппарат жоғары сапалы цифрлық кескіндер алуды қамтамасыз етеді және жаппай скринингтік тексерулерге де, тереңдетілген диагностикаға да қолданылады.

Дәрігер-рентгенолог Әлімжан Сағымбайұлы жабдықтың мүмкіндіктері туралы айтып берді:

- Бұл аппаратта тексеру жергілікті

дәрігердің жолдамасы бойынша тегін медициналық көмектің көпідендірілген көлемі аясында жүргізіледі. Маммография нәтижелері 5–10 минут ішінде дайын болады. Күн сайын 40-70 жас аралығындағы 30-ға дейін пациент қабылдаймыз. Біздің міндетіміз – онкологиялық ауруға күдіктің бар-жоғын анықтау. Күдікті өзгерістер анықталған жағдайда пациент әрі қарай тексерілу үшін онкологиялық орталыққа жолданады.

Бұдан кейін журналистер Орталық қалалық емхананың диагностикалық бөліміне барды. Мұнда құны 146,52 млн. теңгені құрайтын сараптамалық деңгейдегі ультратрадыбыстық зерттеу (УДЗ) аппараты орнатылған. GE Voluson Signature 18 және Signature 20 жүйелері Core/Unity озық архитектура-сымен және жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған. Бұл деректерді жоғары жылдамдықпен өңдеуге және 2D/3D/4D форматындағы кескіндерді дәл алуға мүмкіндік береді.

Жабдық акушерлік және гинекологияда, құрсақ қуысы ағзаларын зерттеуде, педиатрия мен неонатологияда, қалқанша және сүт бездері ауруларын диагностикалауда, урология, кардиология салаларында, сондай-ақ тірек-қимыл аппаратына зерттеу жүргізуде қолданылады. Орта есеппен аппарат күніне 25-ке жуық пациентке қызмет көрсетеді.

Тексеруден қала тұрғыны Зухра Сермағанбетова да өтті.

- Емхананан жүктілік бойынша перенаталдық скринингтің бірінші кезеңі аясында тексерілуге жолдама алдым, – деді ол. – Диагностикалық орталықта заманауи аппарат бар екенін естігенмін. Тексеру дәл осы

құрылғыда жүргізілгеніне қуаныштымын. Енді сәбиімнің дамуы жүктілік мерзіміне сәйкес екеніне сенімдімін.

Ультратрадыбыстық диагностика дәрігері Қайрат Жұмағұловтың айтуынша, бұл жабдық жүктіліктің ерте кезеңінде-ақ ұрықтың сүйек жүйесін, аяқ-қолдарын, жүрегін және басқа да ағзаларын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл туа біткен патологияларды уақытылы анықтап, әрі қарайғы медициналық шешімдерді қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар аппарат ішкі ағзалар ауруларын диагностикалауда, соның ішінде бүйрек пен өт қабындағы тастарды, кисталар мен жаңа түзілімдерді анықтауда қолданылады. Осындай аппарат перинаталдық орталықта да орнатылған.

Филиалдың бас сарапшысы Айгүл Аханованың айтуынша, Бірыңғай пакет аясында әлеуметтік маңызы бар сегіз ауруға күдік болған жағдайда консультативтік-диагностикалық көмек тегін көрсетіледі. Олардың қатарында туберкулез, АИТВ-инфекциясы, созылмалы вирустық гепатиттер мен бауыр циррозы, қатерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, орфандық (сирек) аурулар, жедел миокард инфаркті және инсульт бар. Бұған дейін тегін консультативтік-диагностикалық көмек тек АИТВ-инфекциясы мен туберкулезге күдік болған жағдайда ғана көрсетілетін.

Осылайша, Бірыңғай медициналық көмек пакетінің енгізілуі заманауи диагностиканың қолжетімділігін арттыруға және әлеуметтік маңызы бар ауруларды дер кезінде анықтауға тең мүмкіндіктер қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болды.

- Неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілетілігін немесе әрекет қабілеттілігін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды;
- ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды, ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттеуге;
- еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайдың күтіп-бағу қаражатын алуға құқығын шектейтін ережелерді кәдеу;
- Қазақстан Республикасының Неке-отбасы заңнамасының негізгі бастауларына қайшы келетін басқа да шарттар.

## НЕКЕ ШАРТЫН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТУГЕ БОЛАДЫ?

Неке шартын өзгерту немесе бұзу үшін осы мәселе бойынша ерлі-зайыптылардың келісімі қажет.

Неке шартын өзгерту немесе бұзу туралы келісім неке шартының өзі сияқты нысанда жасалады. Шартқа өзгерістер енгізу немесе оны бұзу ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша кез келген уақытта мүмкін болады.

Заңда Ерлі-зайыптылардың біреуінің ғана шартты орындаудан бас тартуына жол берілмейді.

Неке шартын сот Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне көзделген мәмілелер жарамсыздығының негіздері бойынша толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін.

Егер Шарттың талаптары ерлі-зайыптылардың біреуін өте қойлайсыз жағдайда қалдырса немесе осы некеде (ерлі-зайыптылықта) туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік құқықтарын бұзса, сот неке шартын ерлі-зайыптылардың біреуінің талап етуі бойынша толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы да мүмкін.

Неке шартының қолданылуы Неке (ерлі-зайыптылық) тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады.

Егер шартта ажырасқаннан кейін ерлі-зайыптылардың міндеттемелері көзделсе, мұндай міндеттемелер неке бұзылғаннан кейін де өз күшін сақтайды.

## НЕКЕ ШАРТЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Неке шарты неке басталғанға дейін де, адамдар некеде тұрған кезде де жасалуы мүмкін. Егер неке шартын жасасу неке тіркелгенге дейін жасалса, ол некені мемлекеттік тіркеу кезінде заңды күшіне енеді. Егер неке шартын жасасу туралы шешімді некеде тұрған ерлі-зайыптылар қабылдаса, онда мұндай шартты жасасу сәті оны нотариус куәландырған сәт болып танылады.

Неке шарты жазбаша түрде жасалады, құжат мәтінінде ерлі-зайыптылардың келісімге келген барлық маңызды шарттары жазылуы керек. Нотариуста неке шартын куәландыру міндетті. Қажет болса, нотариус неке шартын куәландырып қана қоймай, оның жобасын жасауға көмектеседі. Неке шартын куәландырмаз бұрын нотариус ерлі-зайыптыларға олардың құқықтары мен міндеттерін, олар жасасатын шарттың мәні мен мағынасын түсіндіруге, оны жасасудың заңды салдары туралы ескертуге міндетті.

Неке шартында ерлі-зайыптылар өзара мазмұн жөніндегі өз құқықтары мен міндеттері, бір-бірінің табысына қатысу тәсілдері, олардың әрқайсысының отбасылық шығыстарды көтеру тәртібі, Неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлік айқындалып, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты кез-келген өзге де ережелерді, сондай-ақ осы некеде туған, немесе асырап алынған балалардың мүліктік жағдайын қосу қажет.

Неке шарты ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік қатынастарды реттейтіндіктен, келісім-шарттың мәні бірлескен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының өкілетті болып табылады. Неке шарты ерлі-зайыптылардың қолда бар мүлікке қатысты да, болашақ мүлікке де қатысты жасалуы мүмкін.

## НЕКЕ ШАРТЫНА ҚАНДАЙ ТАЛАПТАР ЕНГІЗІЛМЕЙДІ?

Неке шартын жасасу кезінде оған келесі талаптар енгізілмейтінін ескеру қажет:

## ЖЕРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМ КІМГЕ ТӨЛЕНЕДІ?

Жерлеуге арналған біржолғы төлем қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне беріледі. Бюджет қаражаты есебінен: - жасына байланысты зейнетақы төлемін алушы, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін немесе мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға **35 АЕК** төленеді; - ҰОС ардагері/мүгедегі қайтыс болған жағдайда **36,6 АЕК** төленеді; - мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда отбасы мүшелеріне не жерлеуді жүзеге асырған адамға жерлеуге **15,7 АЕК** мөлшерінде біржолғы төлем төленеді;

Қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары есебінен: БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда қайтыс болған адамның отбасы мүшесіне **94 АЕК** төленеді. Бұл жағдайда төлем алу үшін қажетті құжаттарды БЖЗҚ-ға ұсыну керек. Зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесіне жерлеуге арналған біржолғы төлемді алу үшін БЖЗҚ-ға мынадай құжаттар тапсыруы қажет:

- өтініш;
- зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы (сәйкестендіру үшін);
- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуы туралы мәліметтер болмаған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің түпнұсқасы немесе зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуы туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі ұсынылады;
- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде өтініш білдірген адамның қайтыс болған адаммен туыстық байланысын растайтын мәліметтер болмаған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің түпнұсқасы ұсынылады. өтініш білдірген адамның қайтыс болған адаммен байланысы;
- зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің банктік шоты туралы мәліметтер.
- Өтінішті қайтыс болған адамның отбасы мүшесі БЖЗҚ-ға электрондық нысанда БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы да бере алады.

## ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ҚАЛАЙ МҰРАҒА БЕРЕДІ?

Егер сіздің қайтыс болған адамның зейнетақы төлемдеріне мұрагер болуға құқығыңыз болса, онда БЖЗҚ филиалына жүгінуіңіз керек.

Зейнетақы төлемдерін алушы Қағидаларға сәйкес БЖЗҚ-ға мына құжаттарды ұсынады:

- өтініш;
- мұрагердің жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуы туралы мәліметтер болмаған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің түпнұсқасы немесе зейнетақы жинақтары бар қайтыс болу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;
- мұрагерлік құқығы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не мұрагерлік мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не заңды күшіне енген сот шешімі;
- мұрагердің банктік шоты туралы мәліметтер.
- Өтініш БЖЗҚ-ға пошта байланысы арқылы немесе сенім білдірілген тұлға арқылы да берілуі мүмкін.

## МӘМС АЯСЫНДА ҚҰЛАҚ АУРУЛАРЫН ЕМДЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ БАР МА?

Жуырда ғана есту қабілетінің бұзылуы көбіне егде жастағы адамдарға тән мәселе деп есептелетін. Алайда соңғы жылдары есту қабілетінің төмендеуі жасөспірімдер мен жастар арасында жиі анықталып жүр. Осыған байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2026 жылы жасөспірімдер ортасында есту қабілетін жоғалтудың алдын алуға ерекше назар аударып келеді. Мамандардың мәліметінше, Қазақстанда есту мүшелерінің аурулары халықтың шамамен 5-7%-ында кездеседі.

Қармақшы ауданының тұрғыны Назым Қалмырзаева бұл мәселенің қаншалықты күрделі болатынын жақсы біледі. Ол есту мүшелеріне бірнеше рет ота жасатқан. Көп бейінді облыстық ауруханаға қатты ауырсыну шағымымен түскен. Дәрігерлер созылмалы отиттің асқынуды және ортаңғы құлақ қуысында қатерсіз түзілісті анықтады. Науқасқа полипотомия ота сәтті жасалды.

- *Мектеп кезінен құлағым ауыратын. Алғашқы ота облыстық ауруханада жасалды. Екі-үш жылдан кейін Ақсай республикалық балалар клиникалық ауруханасында емделдім. Алты жылдан соң тағы да ота қажет болып, оны көп бейінді облыстық ауруханада жасады. Қазір дәрігерлердің бақылауындамын. Мамандарға алғысым шексіз, денсаулығым жақсарды. Колледж студенті болғандықтан, емді тегін алып жүрмін, - дейді Назым.*

Мамандар еске салады: есту қабілеті бұзылған жағдайда медициналық қызметтердің толық көлемін алу үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесінде сақтандырылған болу қажет. Пациент ең алдымен жергілікті дәрігерге қаралады, қажет болған жағдайда оториноларингологқа жолданады. Кеңес пен тексерулерден кейін көрсетілімдер болса, жоспарлы ота тағайындалады.

- *Алдымен отоскопия – құлақты қарау, сондай-ақ мұрын мен тамақты тексеру жүргізіледі. Қажет болған жағдайда қосымша диагностикалық зерттеулерге: есту қабілетін бағалау үшін аудиометрияға, тимпанометрияға, компьютерлік және магниттік-резонанстық томографияға жолдаймыз, - дейді көпбейінді облыстық аурухананың оториноларинголог дәрігері Елжас Өтеген.*

Дәрігерлердің айтуынша, уақытылы медициналық көмекке жүгіну және профилактикалық тексерулерден өту ауыр асқынудың алдын алып, есту қабілетін ұзақ жылдар бойы сақтауға мүмкіндік береді.

## ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРАМСЫЗДЫҚ БАР МА?

Әскери борышты өтеу мерзімін отбасылық жағдайға байланысты да кейінге шегеруге болады. Басқа адамның көмегіне мұқтаж және толық мемлекеттік қамсыздандыруға алынбаған отбасы мүшелерін күтумен айналысатын, Қазақстан Республикасының аумағында онымен бірге немесе бөлек тұратын жақын туыстары немесе басқа да адамдар болмаған кезде заң бойынша аталған отбасы мүшелерін асырауға міндетті азаматтар отбасылық жағдайына байланысты әскерден босатылады.

Мысалы әскерге шақырылушының ата-анасы, зайыбы болмаған жағдайда, зейнеткер жасына толған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын атасы мен әжесі, егер олар оның асырауында болса;

• ата-анасы болмаған жағдайда, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған аға-інілері, апа-сінілдері;

• әскерге шақырылушыдан басқа бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған бір және одан да көп балалары бар және оларды жұбайынсыз (зайыбынсыз) тәрбиелеп отырған анасы (әжесі);

• өзінің асырауында жасы бойынша еңбекке қабілетсіз немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын бір және одан да көп жалғызбалық туыстары (әжесі, анасы, аға-інілері, апа-қарындастары) бар және оларды жұбайынсыз (зайыбынсыз) асырап отырған анасы (әжесі);

• бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам болып табылатын, екіншісі өз асырайтын және әскерге шақырылушыдан басқа он сегіз жасқа дейінгі бір және одан да көп бала тәрбиелеп отырған ата-анасының бірі;

• отбасы мүшелерінің бірінші мүгедектігі бар және әскерге шақырылушы отбасында жалғыз ер бала болса;

• анасыз тәрбиелеп отырған баласы (балалары) болса;

• ата-анасының қайтыс болуына немесе олардың ата-ана құқығынан айырылуына немесе сот бас бостандығынан айыруға соттауына байланысты кемінде екі жыл тәрбиесінде және асырауында болған адамдар бар азаматтарға;

• некеде тұрған және бір және одан да көп баласы бар азаматтарға мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру беріледі.

## ӘСКЕРДЕ ЖҮРГЕНДЕР НЕСИЕ АЛАДЫ МА?

Қазақстанда мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген азаматтар бұдан былай банк несиелері мен микрокредиттер ала алмайды. Тиісті нормалар Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әзірлеген қаулы жобасында көзделген.

Агенттік дайындаған «Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ олардың қызметтен босатылуы, банк қарыздары мен микрокредиттерінің бар-жоғы және төлемдерді кейінге қалдыру туралы ақпарат алмасу қағидалары» атты құжат «Ашық НҚА» порталында 3 ақпанға дейін қоғамдық талқылауға шығарылды.

Бұл жоба 2026 жылғы 16 қаңтарда президент қол қойған «Банктер және банк қызметі туралы» заңды іске асыру аясында әзірленген.

Құжатқа сәйкес мерзімді әскери қызметтегі азаматтарға қатысты Қорғаныс министрлігі мен кредиттік бюролар арасында ақпарат алмасу тәртібі бекітіледі. Бұл:

• әскери қызмет кезеңінде несие төлемдерін кейінге қалдыруға;

• азаматтың әскерге шақырылғаны немесе қызметтен босатылғаны туралы ақпаратты кредиттік есепте көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қаулы жобасы банктер мен микроқаржы ұйымдарын несиеге өтінім қабылдау кезінде азаматтың әскери мәртебесін міндетті түрде тексеру міндеттейді. Егер кредиттік есепте адамның мерзімді әскери қызмет өткеріп жатқаны анықталса, оған несие беруден бас тартылады.

## ТЕГІН СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕККЕ КІМДЕР ҚҰҚЫЛЫ?

18 жасқа дейінгі балалар және жүкті әйелдер жоспарлы стоматологиялық көмекті тегін алуға болады. Жоспарлы күтімге жақтың немесе тістің рентгенографиясы, пломба, анестезияны қолдану арқылы қарапайым және күрделі тісті жұлу жатады.

Шұғыл стоматологиялық көмек 18 жасқа дейінгі балаларға; жүкті әйелдерге; екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылар және оларға теңестірілгендерге; I, II, III, IV топтағы мүгедектерге; «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға; атаулы әлеуметтік көмек алушыларға; жасы бойынша зейнеткерлерге; жұқпалы және әлеуметтік маңызды аурулары бар науқастарға тегін көрсетіледі.

Ерекше қажеттіліктері бар баланы немесе бала кезінен I топтағы мүгедектерді бағып отырған, жұмыс істемейтін қазақстандықтар да жедел стоматологиялық көмекті тегін ала алады.

Азаматтардың жеңілдікті санаты мемлекеттік емханада немесе лицензиясы бар және Міндетті медициналық сақтандыру қорының жеткізушісі болып табылатын кез келген стоматологиялық емханада көмек ала алады.

6 жасан 12 жасқа дейінгі аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға тіс-жақ аномалиялары (жақтың тістеуінің және микрогнатиясының ақаулары), сондай-ақ туа біткен жақ-бет патологиясы бар балаларға (жоғарғы ерін мен таңдайдың жырығы) тегін ортодонтиялық көмек көрсетіледі.

Аудан әкімдері де облыс әкімінен үлгі алып, мереке күндері аудан дамуына айрықша үлес қосқан, түрлі салада аянбай еңбек етіп келе жатқан әйел-аналарды, қыз-келіншектерді қабылдады. Атауы басқа болғанымен, түбі бір мерекелік жиын өткізіп, көпшілікті құттықтады. Барлық іс-шара бір мереке аясында өткенімен әр ауданның өзіндік ерекшеліктері де болмай қалмады.

# ӘР ӘКІМНІҢ ӨЗ ЕРЕКШЕЛІГІ

## ӘКІМНІҢ ӘНШІЛІГІ

Қазалы ауданының әкімі А.Есмаханов та өзі әкім болып отырған аудандағы әйел-аналардың бір күнін – мерекесін әдемі етті. Қарт аналардың отбасына барып, құттықтап, сый-сияпат көрсетті. Одан соң аудан әкімдігіндегі қабылдауында жиналған әйел-аналарға арнап, өзі бас болып, орынбасар, тағы да басқа басшылар қостап, "Есейіп кетсем де, мен саған сәбімің" деп ән салды.



Көше тазалықшыларын да тізіп қойып, гүл, сыйлықпен құттықтады.

## ЕРКІНБЕКҰЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ҚАЙДА?

Қармақшы. Қазалыдағы А.Есмахановтың ән салып, әйел-аналарды құттықтауынан кейін Қармақшы ауданы әкімі Ж.Еркінбекұлының өзі әкім болып отырған



аудандағы әйел-аналарды құттықтауы тым ресми көрінді. Сол бірізді қойылым бойынша қарт аналардың отбасына барып, сый-сияпат жасау, аудан әкімі атынан орынбасарлардың сый-сияпат көрсетуі, "Әйел – ана. Әйел – ару. Әйел – гүл" атты мерекелік кештің өтуі, барлық аудандармен бірдей болды.

## ОҚУШЫ ҚЫЗДАР ДА ҚАБЫЛДАУДА...

Арал ауданының әкімі О.Оңғарбаевтың мерекелік кеші "Әйел – махаббат – өмір" аталды. Мерекелік кеш басталмас бұрын А.Сақыпұлы алдымен есімдері ауданға белгілі қарт аналардың үйіне барып, оларға облыс әкімі Н.Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді, сый құрмет көрсетті. Түрлі саладағы қыз-келіншектер қауымын қабылдады.

А.Оңғарбаев қабылдауының өзіндік ерекшелігі "жиынға санаулы уақыттардан соң мектеп бітіріп, үлкен өмірге аяқ басқалы тұрған мектеп оқушы қыздары, оларға білім мен тәрбие беріп жатқан ұстаздар да қатысты".



## "ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМДІ" ҚҰТТЫҚТАДЫ

Сырдария. Аудан бойынша 40 мың халықтың 51%-ы қыз-келіншектер, әйел-аналар екен. 1633 көпбалалы отбасы, 1000-ға тарта "Алтын алқа", "Күміс алқа" иелері бар екен. Аудан әкімі Б.Сәрсенбаев облыс әкімі Н.Нәлібаевтың үлгісімен алдымен аудан экономикасын дамытуға үлес қосқан әйел-аналарды қабылдады, мерекелік кеш те өткізді. Басқа әріптестеріне қарағанда ерекшелік жасап, "Жедел жәрдем" қызметкерлерін құттықтады.

## ИБРАИМОВТЫҢ МЕЙІРІМІ

Жалағаш. Ауданда 1642 көпбалалы отбасы, 374 "Алтын алқа", 594 "Күміс алқа" иесі бар екен. Бұдан бөлек 37 Батыр ана мен 45 "Ана даңқы" орденімен марапатталғандар бар.

"Ана – өмірдің шуағы", "Мейірімнің бастауы" аталатын мерекелік салтанат атына сай аудан әкімі Ардақ Әбдіғәппарұлы Ибраимовтың қабылдауына келген әйел-аналардың барлығына ерекше мейіріммен сый-сияпат жасап, ілтифат көрсетті.



## ӘДЕМІЛІК ӘЛЕМІ

Жаңақорған. Аудан орталығындағы Руханият орталығында аудан әкімі Мәжіт Самитовтың қатысуымен өткен "Әлем әйелмен әдемі" мерекелік қабылдауы өзгелерден өзгеше әдемі болды. Әрине, әйел деген әдемілік, соған сай мерекелік қабылдаудың безендірілуі, қонақтарды күту, арнайы ұйымдастырылған көрініс, бәрі де әдемі болды.

## МАРАПАТТЫҢ КӨБІ...

Шиелі. Бар "Батыр ананың" отаны Шиелі болса керек. Сан жағына келер болсақ ауданда 1031 "Алтын алқа", 1530 "Күміс алқа", бәрін қосқанда 2561 Батыр ана бар екен.

Сондай-ақ "Мейірім мен парасат әлемі – Ана" атты мерекелік салтанатта марапатталғандар да, басқаларға қарағанда көп болды.



# РЕФЕРЕНДУМ: 3252 КОМИССИЯ МҮШЕСІ АРНАЙЫ ОҚЫТУДАН ӨТТІ

15 наурыз күні еліміз бойынша республикалық референдум өткізіледі. Маңызды саяси науқанда Қызылорда өңірінің 492 524 азамат дауыс беруге құқылы. Жауапты кезеңде аймақта 9 аумақтық, 378 учаскелік комиссия құрылып, 2705 комиссия мүшесі қызметке тартылды.

Референдум процесін заң шеңберінде ашық әрі алқалы түрде өткізу және дауыс беруді ұйымдастыру — комиссия мүшелерінің тікелей міндеті.

Облыста комиссия мүшелері үшін 157 семинар ұйымдастырылды. Оған 3252 комиссия мүшесі оқытылды.

Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясы қала және аудандарда көшпелі оқыту жүргізді.

Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облыстық филиалымен бірлескен оқыту семинарында кәсіби лекторлар пұлы жасақталып, референдумды өткізу тәртібі, дауыс беруші азаматтармен жұмыс жасау, қоғамдық бірлестік өкілдері және БАҚ өкілдерімен жұмыс жасау алгоритмі туралы дәріс берілді. Сонымен

қатар комиссия мүшелері практикалық кейстерді талқылады.

Оқытуға комиссия төрағасы, төраға орынбасары және хатшылар қатысты. Ал, қалған комиссия мүшелері каскад әдісі арқылы білімін жетілдірді.

Семинар комиссия мүшелерінің заңнаманы білуіне, дауыс беруді ұйымдастырудың тәртібіне негізделген. Сондай-ақ, практикалық кейстер мен рөлдік ойындарға басымдық берілді.

Басқосуларда Қызылорда қаласындағы және аудандардағы құқық қорғау саласының өкілдері референдум кезінде құқық бұзушылықты болдырмау, дауыс беру учаскелерінде тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша негізгі ережелерді түсіндірді.

Еске салайық, Қызылорда өңірінде дауыс беруші азаматтардың өз учаскесін анықтау үшін referendum.org.kz сайты және 109 бірыңғай байланыс орталығы іске қосылды. Сондай-ақ, тізімге тіркелген әрбір дауыс беруші азаматқа шақыру қағаздары мен смс хабарламалар жіберілуде.

